



Сұхбат

Өнер

Тағзым

Ойласу

3 “Бейбіт өмірді сырттан ешкім әкеліп бермейді”

5 Ән әлемінің ханзадасы

7 Қаламы семсер сатирик

8 Табиғатқа тағылық жүрмейді

## СЕНАТТА АЛҒАШ РЕТ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ КҮНІ ӨТТІ

Күні кеше Парламент Сенатында өткен тыңдауда бірінші болып Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері сөз болды.

Айта кетейік, бұл бастаманың мақсаты – мемлекеттік бағдарламалардың аймақтарда орындалуын таныстыру әрі маңызды мәселелерді шешу жолдарын пысықтау. Мұндай тыңдауға барлық өңірлер кезең-кезеңімен қатысатын болады. Парламенттік тыңдауда облыс әкімінің орынбасары Бақыт Жаханов мәлімдеме жасады. Онда өңірде агроөнеркәсіп кешені, шағын бизнес, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, көлік, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру бағытында атқарылған жұмыстар баяндалды.

Бақыт Дүйсенұлы атап өткендей, соңғы 5 жыл ішінде өңір экономикасына 1,5 трлн теңге инвестиция тартылған. 3 млн шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға беріліп, өңдеу өнеркәсібінде 600 млрд теңгенің, ауыл шаруашылығында 500 млрд теңгенің өнімі өндірілді. Құрылыс саласында 500 млрд теңгенің жұмыстары атқарылды. Осы кезең ішінде 65 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылып, оның 55 мыңға жуығы тұрақты жұмыс орны болып қалыптасты.

“Индустрия саласында соңғы 5 жыл ішінде 90-ға

жуық өндіріс орны ашылып, 1 мың 800-ден астам жаңа жұмыс орны құрылды. Нәтижесінде, өңірімізде аммоний метаванадаты, тампонажды цемент, әк тас, шыны пластикалық құбырлар, жерасты су құбырлары және резеңке ұнтақтар, мақсары майы, жүгері шырыны, ерлер жейдесі, қарулы күштерге арнайы киімдер сияқты жаңа өнім түрлерін игеру қолға алынды”, – деді Бақыт Жаханов.

Осы жылы тау-кен өндірісін дамыту мақсатында “Талап” қорғасын-мырыш кен орнын және “Аксес” титан-цирконий кен орнын барлау жұмыстары



басталатын болады. Сонымен қатар, әлемдегі ең ірі кен орындарының бірі «Шалкия» қорғасын-мырыш кен орнының жұмысы қайта жанданады деп жоспарлануда. «Шалкия» 6,5 млн тонна мырыш қоры бар, көлеміне қарай әлемдегі 5-ші кен орны. Оны игеру компания үшін мырыш нарығында ірі қатысушыға айналуына, сондай-ақ, кен көлемде қорғасын өндіруге мүмкіндік бермек.

Сондай-ақ, Бақыт Жаханов индустриалды-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру өңірдің өңдеуші өнеркәсібінің дамуына жаңа серпін бергендігін айтты. Нәтижесінде, аталған бағдарлама аясында 26 өндіріс іске қосылған.

Ал, 2018 жылдың желтоқсан айында іске қосылған тампонажды цемент өндіретін зауыт бүгінде цементтің 6 түрін шығарады. Өнім 2019 жылдың

шілдесінен бері экспортталуда. 2020 жылы құны 408 млрд теңгеден асатын тағы 10 ірі жобаны жүзеге асыру жоспарланып отыр. Олардың қатарында шыны зауыты да бар.

“Шыны зауыты бойынша жұмыстар ерекше бақылауда. Мердігер “Чайна триумф” компаниясы осы жылдың мамыр айында құрылыс-монтаж жұмыстарын аяқтауды, маусымда пешті қыздыруды, ал, шілдеде зауытты іске қосуға жұмыс істеуде”, – деп толықтырды облыс әкімінің орынбасары.

Биыл сонымен қатар, кварц құмын байыту бойынша тау-кен комбинатының бірінші желісін, жылына 1500 тонна құс етін өндіретін құс фабрикасын іске қосу және ет комбинатының құрылысын аяқтау жоспарда тұр. Одан бөлек, түйе сүтінен жасалған құрғақ ұнтақ шығару және жоғары қысымды шыны

пластикалық желілік және сорғы компрессорлық құбырлар өндірістерінің құрылыстары басталатын болады. Айта кету керек, биыл Арал қаласында жылына 120 мың тонна ас тұзын өндіретін үшінші испан цехының және еліміздегі алғашқы кальций-ленген сода өндіру зауытының құрылыстары да басталады.

Парламенттік тыңдауда Агроөнеркәсіп кешенін дамыту туралы айтылды. Ауылшаруашылық саласына соңғы 5 жылда тартылған инвестиция көлемі 19 млн долларға дейін өскен. Аймақта жоспарға сәйкес 2022 жылға қарай ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі 1,6 есе, ал, оның экспортын 2,5 есеге арттыру қарастырылып отыр.

Шағын бизнес, тариф, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мен әлеуметтік салалар туралы да сөз болды.

Бүгінде аймақта 3-пен 6 жас аралығындағы балалар мектепке дейінгі тәрбиенен 100 пайыз қамтылған. Апаттық жағдайдағы және үш ауысымда оқитын мектептердің мәселесі толық шешілген. Сондай-ақ, өңірде денсаулық сақтау саласындағы апаттық жағдайдағы ірі нысандардың мәселесі де толық шешімін тауып келеді. Айта кету керек, осы саланың дамуы арқасында 3 жыл ішінде облыс халқының өмір сүру ұзақтығы 1 жылға ұлғайды. Ал, кадрлар тапшылығы мәселесін шешуде соңғы 3 жылда өңірге 399 маман (дәрігер) тартылып, оның 49 пайызы бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсету ұйымдарына жіберілді. Осылайша, дәрігерлермен қамту деңгейі 82 процентке жетті.

Бақыт Дүйсенұлы спорт, мәдениет, цифрландыру, қауіпсіздік, мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында атқарылған жұмыстар туралы да баяндады.

Алға қойған мақсаттың бірі – тіршілік етуге қажетті барлық саланы онлайн-сервистермен қамтамасыз ету екенін айтты.

“Жоғары технологияларды жедел өндіру мақсатында 2018 жылдан бері экономиканың түрлі салаларын цифрландыру бойынша 47 жоба жүзеге асырылды, 11 жоба бойынша жұмыс жалғасуда. “Бырыңғай кезекшілік диспетчерлік қызметі” жобасы іске қосылды. Енді барлық жедел қызмет (101, 102, 103, 112) түрлері “112” бырыңғай номерімен көрсетіледі”, – деді Бақыт Жаханов.

Сенаттағы облыс күні аясында Сыр өңірінде өндірілетін өнімдер мен ауыл шаруашылығы тауарларының, сондай-ақ “Рухани жаңғыру” бағдарламасы бойынша аймақта табылған экспонаттардың және цифрландыру бойынша жаңа технологиялар көрмесі ұйымдастырылды.



КӘСІП

## Түйе сүті табысқа кенелтеді

«Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автожолы бойында орналасқан Аралқұм елді мекенін жолаушылар жақсы біледі. Теміржол мен автокөлік жолы кесіп өтетін ауылдың ахуалы бөтен емес. Сауда-саттық жасауға да ыңғайлы. Әрі-бері өткен сайын жол жиегінде құтыға құйылған шұбат, шебер өңделген балық, өзге де ұсақ-түйек сатып тұрған адамдарды көресіз. Бейнеттеніп өсірген малының өнімін сатып, отбасының ризығын айыра несі айып?!

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.

Жаздың аптабында, қыстың ызғырық аязында кәсіп жасау да оңай емес. Елді мекенге жақындағаннан маң-маң басқан түйелер келесін жиі кездестіресіз. Осынау түр-тұлғасы ерекше жаратылған ойсылқара түлгі табиғаты қаталдау өңірдің тіршілігіне жақсы бейімделген.

Аралқұм елді мекенінде Болат Жаңабаетын бастама-сымен ауыл орталығынан сүт қабылдайтын пункт ашылған еді. Өткен жылы осы істі қолға алған Болат сүт қабылдау пунктін ашу бағытында Алматы қаласында орналасқан «Нар» ЖШС-мен келіссөздер жүргізді. Келіссөз нәтижесінде



«Нар» ЖШС өкілі Ғалым Капу Аралқұм ауылына

арнайы құрылғыларды жеткізіп, шикі түйе сүтін қабыл-

дай бастады. Жергілікті жерден жиналған сүт арнайы салқындатқыш қондырғысы бар автокөліктермен Алматы қаласындағы құрғақ сүт өндіру зауытына жөнелтіліп, өндірілген өнім алыс-жақын шет елдерге экспортталатын болады.

Сүт қабылдау пунктін ашылу рәсімінде аудан әкімі Мұхтар Оразбаев жаңа бастамаға сәттілік тілеп, кешенді жұмыстардың ауылға үлкен серпін беретініне сенім білдірді. Сүт қабылдау пунктін цистерналар, арнайы аппараттар, электр қуатын беретін аппараттарға қоса сүт құрамын тексеретін аппаратпен, қосымша ыдыстармен жаракталған. Пункт

толықтай іске қосылғанда, бес адам тұрақты жұмыспен қамтылатын болады.

Ауылдық округке қарасты әрі жақын орналасқан елді мекендерде түйе өсіріп отырған тұрғындармен келісім жасалып, сүттің әр литрін үстеме бағамен сатып алу, жазғы маусымда жеке иеліктерден тәулігіне бір жарым тонна сүт жинау жоспарлануда. Қазіргі таңда түйе сүтін қабылдау пунктін Сексеуіл кентінде де іске қосылды. Таяу күндерде Жамбыл ауданының Шығанақ елді мекенінде де осындай пункт ашу жоспарланып отыр.

Арал ауданы.

АПЫРАЙ-Ә!

## Қоғамдық көлік: қордаланған мәселе көп

Қоғамдық көлікке қатысты Қызылорда қаласында өзекті мәселе бар. Қалаішілік қоғамдық көліктің саны осыдан 2 жыл бұрын 870 болса, бытыр 750-ге түскен. Ал биыл 630 көлік қана жолаушылар тасымалымен айналысып жүр. Екі жылдың ішінде 240 автокөлік рейстен шыққан. Неліктен?

Дәулет ҚЫРДАН.



3-бет.

БРИФИНГ

## Мердігерлер жіберген қателік ауызсу сапасын төмендеткен

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен кезекті брифингте «Қызылорда су жүйесі» МКК басшысы Марат Жамиев бұқаралық аппарат құралдары өкілдеріне өзін басқаратын кәсіпорынның тыныс-тіршілігі жайлы айтып берді.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.



2-бет.



Биыл Қызылордада «Адал ұл ер болып тұса – ел тірегі» атты әкелі-балалы жұптар сайысы, оқушылар арасында «Әкеме хат» шығармалар байқауы болады. Өмірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамов журналистерге «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жоспарын таныстырды.

Назерке САНИЯЗОВА.



Кеше С.Айтбаев атындағы көркемсурет галереясында ұлы Абайдың “Жидебай-Бөрілі” мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейіндегі экспонаттар қойылған “Абай – дана, Абай дара қазақта” атты көрме ашылды. Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған шараға облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамов, “Болашақ” университетінің ғылыми жетекшісі, экономика ғылымдарының докторы Бакберген Досманбетов, мәдениет саласының қызметкерлері мен студенттер қатысты.

Дәулет ҚЫРДАН.

## Руханиятты түлетудің тың бастамалары



– Игі бастама әкенің қоғамдағы ролін арттыру, беделін көтеру мақсатында қолға алынып отыр, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Одан бөлек, «Ұлы дала fest» тақырыбында ұлттық дәстүрлер фестивалін, демалыс орындарында «Көне аспаптар сыр шертеді» жобасын, «Ертегі – тәрбие берудегі ізгілік бастауы» атты ертегі айтушы әжелер байқауын өткізу жоспарланып отыр. «Отандастар» қоры және бірнеше облыстық қатысуымен «Алпамысбатыр ізімен...» тақырыбында Өзбекстанға біріккен экспедиция, Ресей, Өзбекстан және Қырғызстанның қазақтар тығыз қоныстанған аймақтарына жас жыраулардың шығармашылық іссапары ұйымдастырылады. Ал «Тал бесіктен – жер бесікке дейін» прагматикалық жобасы азаматтардың ысырапшылдық деңгейін төмендетуге бағытталған.

– Хакім Абай айтқан «бекер мал шашпақтан» бас тартуымыз, данғойлыққа салынуды доғаруымыз керек. Бір кісіден «тойдан кейін не қалады?» деп сұрағанда «оның нешін айтасын, тойдан кейін қол сұртетін қағаз бен жас жұбайлардың берешегі қалады» деген еді. Иә, той өтеді, бірақ ақырына терең бойлай бермейміз, – деді Наурызбай Байқадамов.

«Ізденіс» жасыл академиясының «Сәтті жобалар» жинағына енген бастамасы жастарды бау-бақша өнімін өсіруге тартуды, еңбекке баулуды көздейді. Өңірдегі бүкіл мектеп биыл осыны жүзеге асырмақ. Одан бөлек,

туристік экскурсия, «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасы жеңімпаздарының қатысуымен TALKS форматындағы кездесу, республикалық жастар слеті өтеді. «Жомарт жүрек» байқауының облыстық кезеңінің жүлдегерлері марапатталып, жергілікті меценаттар қайырымдылық акциясына үлес қосады.

Қызылордада туған жерді түлетуге атсалысып жүрген кәсіпкерлер мен белгілі азаматтар қатары қалың. Бағдарлама шеңберінде бытыр атқарылған жұмысты кеңінен әңгімелеген спикер олардың құрылыстың қарқынды дамуына, әлеуметтік мәселелердің оң шешімін табуына айтарлықтай еңбек сіңіргенін атап өтті.

– Болат Өтемұратовтың жеке қоры есбіннен тұрмысы төмен көпбалалы, «Жаңаарған Жаңақорған жастары» еріктілер тобының ұйытқы болуымен мүмкіндігі шектеулі мүшелері бар отбасыларға арнап тұрғын үйлер салынды. Бизнесің әлеуметтік жауапкершілігі негізінде «ҚазГерМұнай» біріккен кәсіпорнының демеушілік қолдауымен облыстық жастар орталығының ғимараты пайдалануға берілді. Бірнеше ауданда әлеуметтік дүкендер жұмыс істеп тұр, – деді облыс әкімінің орынбасары.

«Қорқыт ата» мұрасының ЮНЕСКО-ның материалдық емес рухани мұралар тізіміне енуі Сыр бойы жұртшылығы үшін ғана емес, жалпы ел, бүкіл түркі жұрты үшін үлкен мәдени құбылыс болғаны рас. Бұл түркі әлеміне ортақ құндылықты кеңінен дәріптеуге жол ашты. Облыстық «Рухани жаңғыру» орталығының бастамасымен қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарық көрген «Қорқыт атаның даналық сөздері» кітабы «Сәтті жобалар» жинағына енді. Қорқыт есімін әлемдік деңгейде насихаттаудың бесжылдық кешенді жоспарына сәйкес облыстық филармония жанынан қобызшылар ансамблі құрылды.

«Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институтының соңғы үш айдағы мониторингіне сәйкес, бағдарламаны ақпараттық қамтамасыз ету жөнінен біздің облыс үздік өңірлер қатарында. Бағдарлама биыл институт ұсынған жаңа талаптар негізінде әзірленіп, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігімен келісілген кешенді іс-шаралар жоспары бойынша жүзеге асырылады.

## Семейден – Сыр еліне

Жәдігерлер қатарында ақынның өмірі мен шығармашылығына қатысты тарихи құжаттар мен архивтік деректер, құнды қолжазбалар, тұрмыста қолданған заттары, кітаптары мен фотосуреттері бар.

– Елбасы Алаштың анасына балаған Сыр өңірі ұрпаққа мұра болар құндылыққа бай. Ұлы ақынның мерейтойына ел болып атсалысып жатырмыз. Бүгінгі көрмемен танысып шықтым, Абай дәуірінен бастау алып Абайдың асқақ арманымен ұштасады. Ақынның шығармашылығын зерделеп, философиясына терең мән беруіміз керек. Бұл арқылы біз жас ұрпақты қайнар бұлақпен сусындатып, рухани мұрамызды бойына сіңіріп, елжанды етіп тәрбиелей аламыз. Сондықтан әлем мойындаған ойшылдың еңбектері ұрпақ тәрбиесінде маңызды рөл атқарады. Абай тұлғасы қазақтың асқақтығын көрсетті. Хакім мұрасын насихаттау – әр қазақтың міндеті. Бізге арнайылап келіп, көрме ұйымдастырған азаматтарға алғысымыз зор, – деді Н.Байқадамов көрменің ашылу салтанатында.

Екі бөлімнен тұратын көрмеде қазақ даласындағы медреселер тарихына қатысты материалдар да бар. Оның ішінде Абай оқыған Семейдегі Ахмет Риза медресесі жайлы, ондағы кітаптар көрменді қызықтыра түсті. Этнографиялық бұйымдар да өз орнына орныққан.

– Мұндағы еңбектердің ішінде Тайыр Жароқов пен Мұхтар Әуезовтің еңбегі мен латын графикасындағы Абай жайлы кітапты



ерекше айтар едім. Алдыңғы шыққан кітаптардағы кейбір қателіктер мұнда түзетіліп, нақты ақпарат беріледі. Сонымен қатар, мұнда Абай әулетінің шежіресін жасадық. Қазақтың әр баласы қызығушылық тудыратынына сенемін. Бізде негізі қыз балаларды шежіреге қоспайды. Десе де, Абайдың ұл балалардың ұрпағы тоқтап тұр. Сондықтан қыз балаларды да қосып, осындай үлкен тізбе жасадық. Мына жердегі Абай портреті – семейлік суретші Нұрлан Өтебаевтың туындысы. Мұнда байқасаңыз, ақынның сакалы ықшамды, бет пішіні шынайы. Кейінгілермен салыстырғанда сәтті шыққан сурет екені даусыз. Абай мұрасын жаңаша ұғыну жалғаса

береді. Ақын шығармашылығының өміршеңдігі оның мәңгілік елмен бірге жасай беретінін көрсетеді, – дейді Абайдың “Жидебай-Бөрілі” мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейінің ғылыми қызметкері Қуат Қыяқбаев.

Абай феномені – қазақ ұлтының өркениеттік болмысындағы ұлы құбылыс. Оның кара сөздері мен өлеңдері әлі де өзектілігін жойған жоқ. Өз философиясында адамзат баласын зерттеп, қазақ халқын асқар шыңдарға жетелеген ақын қазақты қараңғылықтан жарыққа жетелеген шырадан екені даусыз. Көрме 1 наурызға дейін жалғасады.



Суреттерді түсірген Нұрболан НУРЖАУБАЙ.

## Дін мен дәстүр сабақтастығы

Еліміздің дін саласындағы мемлекеттік саясаттың 2017-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасында мемлекет дамуының зайырлы қағидаттарын нығайту міндеті көзделген. Осыған сәйкес облыстық ішкі саясат басқармасының дін мәселелерін зерттеу орталығы Батыс Қазақстан облысының және Шымкент қаласындағы осындай орталықтардың теолог мамандарымен тәжірибе алмасу мақсатында “Дерадикаландырудың заманауи тәжірибелері” тақырыбында семинар-тренинг өткізді.

Ғазиза ӘБИЛДА.



Шараны облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Талғат Маханов ашып, дәстүрлі емес діни ағымдардың алдын алу бағытындағы жұмыстардың үздіксіз жүргізіліп келе жатқанын айтты. Соның нәтижесінде қазіргі таңда діни ахуалдың тұрақты екеніне тоқталды. Сонымен қатар, қоғамдағы күрделі мәселемен күресуде өзге аймақтармен өзара тәжірибе алмасудың маңыздылығын атап өтті.

Койшиева “Діни экстремизмнің психологиялық себептері мен алдын алу” тақырыбында баяндама жасады. Тақырып аясында ол экстремистік бағыттағы іс-әрекеттер жайлы жалпы түсінімдер берді. – Өздері ешкімнің пікірімен санаспайтын, ешкімді мойындамайтын, әйтсе де өзінің дәлелсіз, дәйексіз ақпараттары мен шектен шыққан әрекеттерінен қоғамға күштеп мойындатуды көздейтін белгілі бір топ. Олар көздеген мақсатына жету үшін кез келген қадамға баруға дайын. Бұл топтардың құрығына бірінші кезекте ата-ана бақылауынан тыс қалған жасөспірімдер, жұмыссыздар, сол сияқты, түрлі психо-

логиялық соққыға тап болған жандар ілініп жатады. Тіпті, олар мақсатты түрде өз ортасына ықпалы зор сауатты жастарды тартуға тырысады. Сондықтан ең бастысы, әрбір ата-ана бала тәрбиесіне аса жауапкершілікпен қарап, ғаламторда толып жүрген жат ағымның ақпараттарына ырымалып қалмауын қадағалауы қажет, – деді Л.Қойшиева.

Семинар-тренингте Батыс Қазақстан облысы дін істері басқармасы, дін мәселелерін зерттеу орталығының теолог маманы Азамат Раманқұлов, Шымкент қаласы ішкі саясат және дін істері басқармасының дін мәселелерін зерттеу орталығының талдау және мониторинг бөлімінің басшысы Икрам Айтбаев талқылап отырған тақырып аясында өз тәжірибелерін ортаға салды. Қазіргі таңда қоғамдағы өзекті мәселеге айналып отырған діни ахуалдың тұрақтылығын сақтау, осы мақсатта жалпы қоғамды қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету, жас ұрпақ санасына жат ағымға қарсы иммунитет қалыптастыру мәселелерінің төңірегінде кеңінен сөз қозғалды.

Жиньда қалалық және аудандық ішкі саясат бөлімдерінің теолог мамандары, облыстық ҚАЖД-ның қызметкерлері, облыстық полиция департаменті экстремизмге қарсы іс-қимыл басқармасының қызметкерлері көкейде жүрген сауалдарына жауап алды.

## Мердігерлер жіберген қателік ауызсу сапасын төмендеткен

Оның айтуынша бүгінгі таңда тұтынушыларға күніне 42,7 мың текшеметр көлемінде су беріліп тұр. Ал жаз айларында бұл көрсеткіш екі еседей көбейеді. Судың сапасына қатысты белгіленген кесте бойынша бактерологиялық сараптама уақытылы жасалып тұрады. М.Жамиев су сапасына байланысты соңғы үш айда 19 арыз түскенін мәлімдеді. Олардың барлығы да “Арай-2” және “Арай-3” шағын аудандары тұрғындарынан түскен. Ауызсу желісіндегі қысым көбейген кезде осы аудандардағы үйлерге лайланған су келе бастаған.

Осыған байланысты «Қызылорда су жүйесі» мен қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі мамандарынан құрылған комиссия келесі жағдайды анықтады. Осы аудандарға су құбырларын жүргізген мердігер мекемелер кезінде құрылыс талаптарын сақтамаған болып шықты. Құрылыс жүріп жатқанда су көзіне жалғағанға дейін құбырлардың екі жағы бітеулі болуы тиіс. Бұл талаптар сақталмағандықтан, оның

ішіне құм, топырақ түсіп, сол күйінше жалғанып кеткен. Құбырдағы қысым аз кезде ол байқалмай, қысым көтерілген уақытта зардабын тигізген. Оларды тазарту жұмыстары жүргізіліп, қазіргі күндері су сапасы қалыпқа түскен. Кәсіпорынға қарасты 800 шақырым су құбырының 20%-ін жанадан жүргізу қажет. 400 шақырымдық кәріз жүйесінің де осыныша бөлігі ескірген. Бұл бағытта жоспарланған жұмыстар атқарылатын болады. «Қызылорда су жүйесі» МКК жұмысшыларына өткен жыл жалақысы бойынша қарызы жоқ. Алайда қантар айының жалақысы бойынша әлі де 30 млн теңгедей берешегі бар. Кәсіпорын басшысы жақын күндері бұл мәселе толығымен шешімін табатынын жеткізді. Сонымен бірге ол соңғы уақыттары кәсіпорын қызметкерлері тұтынушылардың үйіне келіп төлемақы жинамайтынын мәлімдеді. Енді тұтынушылар тек кәсіпорын қасаларына ғана төлеуі тиіс. Ал 2017 жылы төмендетілген ауызсу тарифі наурыз айында бұрынғы деңгейіне қайта көтерілуі мүмкін.

1-бет.

## «100 ЖАҢА ЕСІМ»

– «Қазақстанның 100 жаңа есімі» қатарынан жерлесімізді көріп, қуанып қалдық. Құтты болсын! Жоба жеңімпазы болу өміріңізге қандай да бір өзгеріс әкелді ме?

– Рахмет! Жобаға қатысу арқылы, біріншіден, қолдаушыларымның аз емес екенін, екіншіден, жауапкершіліктің бұрынғыдан да күшейе түскенін сезіндім. Елбасы бастамасының мақсаты – күнделікті еңбегімен өз саласының, мемлекеттің дамуына үлес қосып жүрген жандарды, олардың еңбегі мен жетістіктерін дәріптеу, жастарды осылайша еңбексүйгіштікке, отансүйгіштікке баулу. «Мемлекет маған не береді деп емес, мен мемлекетке не берем?» деп сұрақ қой» дейді Джон Кеннеди. Ол үшін тау қопарудың қажеті жоқ, өзіне жүктелген міндетті жауапкершілікпен атқарып, кәсіпінді шын сүйіп, сенің жұмысыңның нәтижесі халықтың әл-ауқаты мен елдің өркендеуіне тікелей әсер ететінін сезінсең болғаны.

– Сәулет, бітімгершілікпен Ливанда болған тұңғыш қазақстандық әскери дәрігер екенсіз. Сізге қандай міндет жүктелді?

– Әлемдік бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау ісіндегі міндеттемелерін орындау мақсатында Қазақстан 2018 жылдың қазан айынан бастап тұңғыш рет «Біріккен Ұлттар Ұйымының Ливандағы уақытша күштері» деп аталатын миссияға азаматтарын жібере бастады. Біз әлемнің 42 мемлекетінен келген тәжірибелі әскери қызметкерлермен бірлесіп жұмыс атқардық. Міндетіміз – Израиль мен Ливан арасындағы уақытша «көгілдір сызық» деп аталатын шекараның бұзылмауын, атыстың, заңсыз іс-әрекеттер мен қимыл-қозғалыстың болмауын қадағалау. Сонымен қатар, Ливан Үкіметі мен Қарулы Күштеріне жан-жақты көмек көрсету арқылы елдің аяққа тұруына ықпал жасау. Біздің офицерлер мен сарбаздар Израиль мен Сирия жақтағы 24 сағаттық бақылау беткеңірі мен сол елдерден келетін жолдардағы көлік қозғалысын бақылап-тексеретін блокпосттарда қызмет атқару.

Бөтен елде, бөтен жерде, тансық жағдайда «24 сағат – 7 күн» тәртібімен миссия мандаттары талаптарының толық орындалуына атсалыстық. Қызмет барысында ешқандай құқықбұзышылық, кемшілікке жол бермей, миссия басшылығының ілтипатына ие болдық. Ливан халқы мен ел басшылығы да ізгі лебізін білдірді. Тіпті, біздің әлі де болғанымызды қалады. Өзім үнді-қазақ батальонының тыл бөлімінде тыл жөніндегі офицер ретінде Ливанның онтүстік шығысында, Израильмен, Сириямен шекаралас аймақта қызмет атқардым. Күнделікті тыл мәселесінен басқа, өзіміз бен шетелдік әскери қызметкерлерге, жергілікті халыққа медициналық көмек ұйымдастырумен айналыстым. Әртүрлі елдердің осында орналасқан Біріккен Ұлттар Ұйымы госпитальдарын араладым. Жұмыс барысында госпитальдардың құрылымымен, емдеу-профилактика жұмысының ұйымдастырылуы, жүргізуі туралы тәртібімен таныстым. Медициналық қажеттілікпен жабдықталуы, медициналық құжаттардың жүргізілуі ерек-

Сәулет Қалдашов – Қазақстанның Қарулы Күштері бас әскери-медициналық басқармасының аға офицері, медицина қызметінің подполковнигі, медицина ғылымының магистрі. Біріккен Ұлттар Ұйымының миссиясына қатысушы тұңғыш қазақстандық бітімгер әскери дәрігер. «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының өткен жылғы жеңімпазы. Қармақшы ауданының Дүр Оңғар ауылында дүниеге келген. Жұбайы Аягөз екеуі бес бала тәрбиелеп отыр. Қазір Нұр-Сұлтан қаласында тұрады.

## «Бейбіт өмірді сырттан ешкім әкеліп бермейді»

шелігін зерттедім. Білімім, тәжірибем мен машықтарым болашақ әскери госпиталь дайындауда және оны Біріккен Ұлттар Ұйымы миссиясына жіберуде қажет болатынына сенімдімін.

– От пен оқтың ортасына баратыныңызды үй іші қалай қабылдады? Бұл әскери бұйрық па әлде?..

– Бір гарнизоннан екіншісіне, бір қаладан келесі қалаға көшіп жүруге әскерилер әбден үйренген. Тиісінше отбасы қасында болып, жауапты қызметтің ыстығы мен суығына бірге көніп, ауыртпалығын бірге бөлісіп отырады. Әскери ортада «сенімді тылың – жұбайың» деген бар. Менің қолдаушыларым – әйелім мен балаларым. Біріккен Ұлттар Ұйымы миссиясына әскери бақылаушы ретінде мені таңдады. Әуелі бірнеше жыл бойы еліміз бен шет елдердегі әртүрлі оқу-жаттығу, семинар-конференцияларға үйренуші ретінде қатыстым. Кейінгі 5-6 жылда Біріккен Ұлттар, Шанхай ынтымақтастық және қауіпсіздік, Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің ұйымдары өткізген шараларға дәріс беруші, нұсқаушы ретінде шақырылып, тәжірибе жинадым. Одан алған әсерімді үнемі үйдегілерге айтып отырғандықтан олар бітімгершілік миссиясының маңызын жақсы түсінді. 2018 жылы, сөйтіп, Ливанға барған қазақ бітімгершілік ротасына қосылдым. Сын сағаттар өзімді сынауға, бітім-тәжірибемді көрсетуге мүмкіндік берді.

– Халқымыз саны 6 миллионнан асатын ел неге қақтығыстан көз ашпай отыр? Онда барар алдында мұны әбден зерттеген боларсыз...

– Ливан өткен ғасырдың жетпісінші жылдарына дейін «Таяу Шығыстағы Париж» немесе «Таяу Шығыстың Швейцариясы» деген атауға лайық гүлденген, экономикасы өрлеген көпұлтты және көпконфессиялы ел болған. Алайда, діндер мен конфессиялар араздығынан бүлік туып, оған сыртқы күштер араласып, аза-

мат соғысы белең алды. 70-жыл соңында халқы жік-жікке бөлініп, ауызбіршілігі мен ынтымағынан ажырады. Жеріне көрші мемлекет басып кіріп, жер дауы халықаралық жанжалға ұласты. 2000 жылдың басында Ливанға Біріккен Ұлттар Ұйымы көмекке келді. Таяу Шығыстағы ахуалдың күрт өзгеруі, Сирия мен Палестинадан келген миллионға жуық босқынның осы елді паналауы жергілікті халықпен арада кінәліктің пайда болуына әкеп соғып, онысыз да күйзелісте тұрған ел экономикасына ауыртпалық салды.

Дәл қазір онда өршіп тұрған соғыс жоқ. Бірақ тыныштық кез келген уақытта бұзылып, соғыс ортине ұласуы мүмкін. Жоғарыда аталған жағдайлар өндіріс пен инфрақұрылымның кенжелеуіне, халықтың әлеуметтік жағдайының нашарлауына, сыртқы донорларға экономикалық тұрғыдан тәуелді болуға, тұтыну тауары мен қызмет түрлерінің күрт қымбаттауына, жұмыссыздыққа, артына жастардың көп бөлігін нәпақа табу үшін шет ел асып кетуіне, елде саяси тұрақсыздықтың пайда болуына әкеп соқты. Нәтижесінде 2019 жылдың қазан айында халық үкіметіне қарсы ереуілге шықты. Ол үлкен қақтығыстарға ұластып, саяси және әлеуметтік ахуал құлдырады. Дәрігер ретінде білем, Ливан халқы, оның ішінде балалар басынан өткерген жан жарасы бүгін-ертең, тіпті ондаған жылда да ұмытылмайды, жазылмайды. Кеуде мен көңілдегі соғыс жарасы уақыт өте, ұрпақ жаңарса келе ғана жазылатын шығар, бәлкім.

– Бітімгер ретіндегі бір күнінiзді суреттеп беріңізші...

– Күнделікті жұмысым таңғы сағат 6-да дене шынықтырудан басталады. Штабта үнді әріптестерімен тылдық қамтамасыз ету жөніндегі өзекті сұрақтар мен мәселелерді талқылаймыз. Басшылықтан азық-түлік, киім-кешек және медициналық қажеттілікпен қамтамасыз ету бойынша құжаттарға жауап дайындаймын. Штабтағы жұ-



мыстан соң қазақстандық бітімгершілік ротасы орналасқан базаға, бітімгершілік нысандарына барам. Ондағы әскери қызметшілердің денсаулығын тексеріп, көңіл-күйін сұрап, жатын орындары мен тұрмыс жағдайын қараймын. Жұмыс барысында пайда болған кездейсоқ мәселелердің шешімін тауып, сұранысты қанағаттандыру да міндетіме кіреді. Денсаулығына шағымданғандар мен аяқасты ауырғандарға орта буын медицина қызметкерлерімен бірге медициналық көмек көрсетіп, оларды госпитальға эвакуациялауды ұйымдастырамын.

Одан әрі батальонға қарасты бірінші деңгейлі госпитальдағы шетелдік дәрігерлермен бірге медициналық сұрақтарды талқылап, науқастардың жай-күйімен танысам. Аптасына 5 күн жергілікті халыққа медициналық көмек көрсетуді ұйымдастырып, науқастарға ем-дом жасауға тікелей қатысымын. Бұл әскерімiздің беделін арттырып, халықпен достық қарым-қатынас орнатуға сеітпiгiн тигiзедi. Кестеге сәйкес жеңіл көлікпен патруль бастығы ретінде 2-4 сағат шекараны шолып шығам. Ондағы мақсат – Ливанның Израильмен шекарасындағы «көгілдір сызық» бойымен жүріп өтіп, күнделікті миссия мандатының сақталуын тексеру және бақылау.

Тыл офицері ретінде ротаның материалдық-техникалық сұрақтары бойынша Нью-Йорк пен Ливанда миссия штабы орналасқан Накура қаласынан келген тексерудің өтуін ұйымдастырдым. Оның қорытындысы бойынша ротамыз шетелдік әскери контингенттерге қарағанда жоғары рейтингтен көрінді. Бұдан басқа, Ливан елі және әскерімен қарым-қатынасты нығайту мақсатында миссиядағы көпұлтты әскери контингенттер арасында өтетін мәдени-спорттық шараларға белсене араластым.

– Ливанның халқы, өмір сүру салты, ас-ауқат, ауа райы несімен ерекшеленеді?

– Ливан – Жерорта теңізінің шығыс жағалауында ор-

наласқан Таяу Шығыстағы кішігірім ел. Солтүстігі мен батысында Сириямен, оңтүстігінде Израильмен шектеседі. Көбінесе таулы, орманды, далалы жерлерінің өзі төбелермен ұласып жатыр. Ауа райы жұмсақ, жер бедеріне байланысты тез өзгермелі, туризм мен ауыл шаруашылығына өте қолайлы. Жаз мезгілінде таулы аймақтар үнемі желді, құрғақ болады. Қазан, ақпан, наурыз айларында толассыз жаңбыр жауады. «Бека» деп аталатын ойпатты даласында және екі таулы қырат жоталарында қыс мезгілінде қар өте қалың түсіп, ұзақ уақыт ерімей жатады. Ауа райының қолайлылығы мен ерекшелігі басқа дақылдарын, шіркус жемісінің барлық түрін өсіруге мүмкіндік береді.

Тарихынан Александр Македонский, Сұлтан Бейбарыстың аяғы тиген жер екенін білдік. VII ғасырда Ливан аумағына арабтар келген. Одан кейін Осман империясы жаулап алған, сонынан француз елінің басшылығында болған. Халқы негізінен араб, сонымен қатар, көпшілігі француз және ағылшын тілдерінде сөйлейді. Дін жағынан таңаларлық мөлiмeт кeлтiрeйiн. Бұл халық – алуан дiндi және көпкoнфeссиялы. Арабтар кeлгeнгe дейiн Византия билiгiндe болған жергiлiктi халық христиандықты мойындады. Арабтар келген соң ислам діні таралды. Сондықтан халқының 54 проценті – мұсылман, оның жартысы – суннит, жартысы – шиит. Қалғаны – христиан, басқа да дін өкілдері. Христиандардың өзі бірнешеге бөлінеді. Оған қоса, халқының 4 проценті – друздықтар, бұлар мұсылмандарға жақын. Бірақ ғасырлар бойы бөлектеңіп, өз алдына басқа тармаққа айналған сияқты. Мұсылман бөлігі ислам діні талаптарын қатаң ұстанады. Оны киім үлгілері мен күнделікті қарым-қатынасынан байқайсыз.

Ливанның ұлттық тағамдары әралуандығымен ерекше. Түрік, араб, француз тағам үлгілерінің араласуын көресіз. Вегетариандық тағамдардың басым екені байқалады.

Асханада көбіне бұршақ, жаңа піскен жеміс, көкөніс, ет тағамдарынан балық, құс, қой еті, дәмдеуіш кеңінен пайдаланылады. Тәтті тағамдарға өте бай. Көптеген тағамдар грильде дайындалады, зәйтүн майында пісіріледі немесе қуырылады. Сусындардан кофеіні ерекше стильмен дайындалса, біздегі айранға ұқсас сүт сусындары да жеткілікті. Оған қоса, ливандықтар – қызыл шарап дайындаудың шебері. Салт-дәстүрінде біздің халыққа ұқсас тұстары бар, ол – қонақжайлылығы мен үлкенді сыйлауы. Сыйпайлыққа мән береді. Қонағына ерекше құрмет көрсетіп, дастарқанын кеңге жайып, жаныңыздан кетпей, әңгімеге тартып, қызығушылық танытады.

– Сәулет, қанша тіл білесіз? Сұраған себебім, ондағы өзге ұлт өкілдерімен қалай түсінісіп, жұмыс істедіңіз?

– Қазақ, орыс, ағылшын тілдерін жетік білем. Француз тілін үйреніп жүрмін. Ливанда жұмыс істеу оңайырақ болды. Өйткені жергілікті халық көбіне ағылшын, француз тілдерінде сөйлейді. Осы елге шығар алдында араб тілінде күнделікті қолданыстағы біршама сөз бен сөйлемді жаттадым. Ливанда орыс тілінде сөйлейтін егде жастағы адамдар да кездесті. Олар негізінен дәрігер, инженер, педагог, зейнет жасындағы әскери адамдар еді. Сөйтсем, олар Кеңес одағы кезінде Алматы, Мәскеу, Харьков қалаларында білім алған екен.

– Ливан сапары көзқарасыңызды өзгерте алды ма?

– Біріккен Ұлттар Ұйымының бітімгершілік миссиясындағы жұмыс бізге тәжірибе жинауға, жаңа мүмкіндіктерге жол ашты. Бұл, бір жағынан, мемлекеттің халықаралық аренадағы беделін арттырады. Миссия адамның дүниетанымын өзгертеді деп айта аламын. Соғыс пен қақтығыстардың ауыртпалығы мен салдарын көріп, әлемге басқаша қарайсың. Барлық күш-жігерді бейбітшілікті қорғауға бағыттау қажеттігін білесің. Ливан мысалында еліміздің күші – халықтың бірлігінде екенін, ал ауызбіршілік пен ынтымақсыз мемлекет болмайтынын түсінесің. Абай атамның «Әлім-сактан бері ел болудың амалы – ішкі бірлік» деген нақылы әлі де өзекті. Себебі бірлік пен келісім орнаған жерде ғана бейбітшілік бар. Бізге қазақ шаңырағына біріккен халықтар мен этностардың бір-біріне деген ыстық-ықпалы, түсіністігі мен келісімі маңызды. Сондықтан бейбіт өмір өз қолымызда. Оны сырттан ешкім әкеп бермейді.

– Көпбалалы әке ретінде айтыңызшы, ұлыңыз әскери саланы таңдаса, қарсы емесіз бе? Қанша дегенмен, қиындығы көп...

– Қарсы емеспін. Өйткені ел қорғаны болу – әрбір ер жігіттің азаматтық парызы. Ұлым Мұхаммедәлі әскери ортада өскендіктен әскери өмірдің ерекшеліктері оған тансық емес. Биыл мектеп бітіруші ретінде дәрігер болуды мақсат етіп отыр. Келешекте әскери салада қызмет атқарады деп ойлаймын.

– Уақыт бөлгеніңізге рахмет!

Сұхбаттасқан  
Нәзерке САНИЯЗОВА,  
«Сыр бойы».

## Қоғамдық көлік: қордаланған мәселе көп

Қала тұрғындары тарапынан талай рет көтерілген мәселе тұрғысындай біртүрлі журналистер баспасөз турнына шықты. Мақсат – мәселенің анық-қанығына көз жеткізу. «Арай» шағын ауданындағы №13, 20, 31 бағыттағы автобустардың соңғы аялдамасына кідірдік. Мәселен, №13 бағыттағы соңғы аялдамасындағы жағдай сын көтермейді. Жүргізушілерге жағдай жасау тұрмақ, көлік тұратын орын да жоқ. Қара жердің үстінде, жолдың жиегінде қаз-қатар тізіліп тұрған автобустар.

Негізі соңғы аялдамада демалыс орнын, талапқа сай әжетхана, қол жуатын, көлік жуатын орын салғымыз-ақ келеді. Бірақ, біздің бюджет мұны көтере алмайды, – деді «Қызылорда автобус паркі» ЖШС директорының орынбасары Қанат Рахметов.

Қолдың қысқалығы балақтан тартады деген басшы орынбасары №20, 31 бағыттың соңғы аялдамасында да біршама мәселенің себебін түсіндірді. №31 бағыттағы автобустар таздың төбе шашындай екенін

айтпай-ақ түсіндік. Мұнда екі автобус қана тұр. Бір күнде 16 автобустың 6-нан ақау шығып, жұмысқа шықпай қалыпты.

– Бізде жыл сайын қоғамдық көліктің азаюының бірнеше себебі бар. Көліктер көнерген, өткен жылдары көпшілігін утилизацияға өткізіп жіберді. Қыстың көзі қырауда жалаң қолмен суық темірді ұстаудың өзі мұн. Сондықтан әбігерге түспей, көліктерін сатты. Екіншіден, Түркістан облысы орталығына айналғанда қоғамдық көлікке автобустар қажет болды. Жақын-жуық облыстардан сатып алғанда біздегі жеке автобустар сол жаққа өтіп кетті. Үшіншіден, қазір жолаушылар тасымалында табыс аз. Сол себепті кәсіпкерлердің бұл салаға қызығушылығы төмен, – деді директордың орынбасары.

Бір қуантарлығы, өңірде жаңа автобустар қатары артапты көрінеді. Тиісті орындардың айтуынша, биыл 13 жаңа автобусқа тапсырыс берілген. Бюджеттен үнемделген қаражатқа алдырылмақ. Ал бұған дейін әкелінген, қазір рейсте жүрген автобустардың ішінде жөндеуде тұрғандары бар. Өйткені, қалаішілік бағытта

жүру көліктің тозуын жеделдетеді.

– Әр көлік бір күнде 300-350 шақырым жол жүреді. Оның үстіне, ұзыннан-ұзақ бір жол емес, тоқтауы көп. Сол себепті, бір жылда оның ақауы көбейеді. Аралық интервалдарын жақындатқанды, көлік санының аздығына орай ол да көмектеспейді. Сайып келгенде, жетіспеушілік амал жоқтықтан әкеп отыр, – дейді Қанат Рахметов.

Жолаушылар тасымалы саласында мәселе жетерлік. Қала

ішіндегі аялдамаларда тоқтаған автобустың жарты бөлігі бағдарламада қалып қойғанын талай көргенбіз. Аялдамада тоқтаған автобус кейінгі көлікке кедергі келтірмейтіндей жағдай жасауға болады. Қанат Рахметұлы мұны да назарда екенін жеткізді.

Сонымен қатар, «Оңай» төлем жүйесі наурыз айында толық іске қосылмақ. Алақандай қондырғы автобустың есігіне бекітіледі деп отыр басшылық. Жолаушы жолақысын көлікке төлеп кіреді.

Жеке автобус жүргізушілері «Оңай» төлем жүйесіне наразы секілді. Мәселен, бір жүргізуші күніне 7 мың теңгенің дизель отынын жағайды. Кондуктордың еңбекақысы – 3 мың теңге. Ал қосалқы шығындарды орта есеппен 3 мың теңге деп есептейді. Жеке жүргізушілер егер «Оңай»-ға көшсек, қаржыны тек айына бір мәрте аламыз деп отыр. Олардың күнделікті шығыны шаш етектен көрінеді.

Бейтаныс жүргізуші бұл ретте өзінің қоғамдық көлік мәселесін қалай реттеу керекті

жайлы пікірін де білдірді. «Бұрын №20 бағыттағы қоғамдық көлік өте жақсы жұмыс істейтін. Ал қазір ел оған қолын бір сілтейтін болды. Неге? Өйткені, оларды үлкен автобуспен толтырып қойдық. Автобус толып болмайды, шығыны ақталу үшін арадағы интервалды да сақтамайды. Сосын жай жүреді. Ал кіші сыйымдылықтағы автобустар тез толады еді жылдан жүреді. Біз осылайша бірнеше бағыттағы қоғамдық көлікті құртып алдық. Үлкен автобус бар жерде кіші сыйымдылықтағылар үшін нан жоқ» деді ол.

Біле білсеңіз, №9 бағыттағы қоғамдық көліктің бар-жоғы екеуі ғана. Бұл мәселенің көтерілгеніне де көп болды. Екі «Газель» кімге қызмет етеді? Олардан халықтың көңілі әлдеқашан қалған. Бірер минут күтеді де, жолай басқа бағытқа мініп кете барады. Ал сәттілік серігі болғандар тап келген екі көліктің біріне мініді. Мекеме басшылары бұл бағытты әлеуметтік маңызды бар деп тануға ұсыныс білдіргенін жеткізді. Бірақ ол ұсыныстың қашан қабылданатынын белгісіз.

БАСПАСӨЗ ТУРЫ

# ЫНТАЛЫҒА ЫРЫС КЕЛЕДІ

Сырдария ауданында жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлік нысандарының саны өткен жылмен салыстырғанда 15 процентке артқан. Өңірдегі өрелі істер аудан халқының әл-ауқатын арттырып келеді. Қала іргесіндегі ауданда былтыр 5 млрд 658 млн теңгенің өнімі өндірілген. Мұнай өндіру көлемі төмендегенмен, агросекторды дамытуға мол мүмкіндік те, еңсерілген шаруа да жеткілікті. Бірнеше жыл қатарынан «Алтын дән» мерекесінде алдыңғы орыннан көрінді. Көш бастаған сәттері де аз емес.

Дәулет ҚЫРДАН.

«Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасының екінші бағыты бойынша былтыр «Аграрлық несие серіктестігі», «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры», «Өңірлік инвестициялық орталығы» мекемелері арқылы құны 462,1 млн теңге тұратын 156 жобаға несие берілді. Тың идеясын жолға қойып, кәсіп бастаймын дегендер де аз емес. Аталған бағдарлама аясында 200 тұрғын 86,8 млн теңге қайтарымсыз қаражат иеленді. Сондай-ақ, «Микробизнес – Қызылорда» бағдарламасы арқылы 38 жоба, «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасымен 19 жоба қаржыландырылған. Жыл көлемінде аудандық кәсіпкерлер палатасы арқылы «Бизнес-кеші» курсы 218 адам тәмамдаса, «Бастау-бизнес» курсына 230 адам оқыған.

## КӨҢІЛГЕ ЖЫЛУ СЫЙЛАДЫ

Теренөзек кентінде газдан дыру қызу жүруде. 2019-2020 жылдарға 2,4 млрд теңге қаралған. Аудан орталығын 6 учас-токка бөліп, мамандар құбыр жүргізуде. Бұл учас-тоқтардың жартысында жұмыс аяқталған. Қалғанын қыркүйекке дейін бітіру жоспарланыпты.

– Бүгінде 80 үй газға қосылуға дайын. Өткен жылы 9 мекеменің қазандығын сақалдай сай еттік. Алдымызда 11 мекемені даярлау міндеті тұр. Бір ерекшелігі, біз газ құбырын жер астынан жүргізіп, әрбір тұрғын үйдің тұсына шаф қойып кетеміз. Жер астынан жүргізу әрі қауіпсіз болмақ. Басқа да құбырлар жолын есептеп, барлығын пысықтап алдық, – дейді аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жол-ауылшылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Ержан Бахтияров.



## АДАЛ ЕҢБЕКТІН НАНЫ

Ырысы тасыған берекелі ауылдың бірі – Ақжарма. Үш мыңға жетер-жетпес халқы бар елді мекеннің шаруасы шалқып тұр. Мұндағы қожалықтар халық қамын алдыңғы орынға қойған. Жас мамандарды бас-панамен қамтамасыз етуді дәстүрге айналдырған ауылда жақында Шайымовтар отбасына жана үйдің кілті табысталды.

– Отағасы Тимур – шаруашылықта механизатор. «Елде

болса ерінге тиеді» деп адал еңбектің нанын жеп жүрген жанбыз. Қос бұлдіршінді тәрбиелеп отырмыз. Жолдасым көпбалалы отбасынан шыққан. Ел ағаларының қолдауына алғысымыз шексіз, – дейді Айжан Сүлейменова.

Ажары айшықты ауылда кәсіпкерлік саласы да кең қанат жайған. Салық көлемі 5 млн теңгеге жетті. Ауыл

5-інің құрылысы жүріп жатыр. Былтыр «Үлгілі ауыл» конкурсынан үшінші орын алды. Елді дамыту мақсатында ауызбіршілікті алға қойып жұмыс істеп келеміз, – дейді ауыл әкімі Ерлан Ешмұратов.

## «АЙШАНЫҢ» АЙЫ ОҢЫНАН ТУДЫ

Теренөзек кентінде «Айша» кондитерлік цехының ашылғанына көп болмады. Десе де, өз тұтынушыларын тауып үлгерген. Кәсіпкер Гүлжан Әбдіғалпапова тәтті тоқаш пісіруден бұрын кәсібін наубайханадан бастаған. Алғашқылардың бірі болып нан пісірген оны аудан жұртшылығы таниды.

– Сол наубайхананы үлкейтуді көптен бері ойлап жүргенмін. Алдына мақсат қойсаң, жетесің деген рас екен. Аудан орталығынан дүкен сатылады екен. Оның нарықтағы мүмкіндігін зерттедім. Содан соң сатып алып, ғимаратын бұзып қайта салдым. «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасының бірінші бағыты бойынша «Халық банкінен» 14 млн теңге несие алдым. Мемлекет берген осынша мүмкіндік кәсібімді өркендетуге даңғыл жол ашты. Бүгінде 800 бөлке нан, тоқаш, торт, т.б. өнімдерді бір күнде пісіреміз, – дейді кәсіпкер.

## ІСІНЕ ШЕБЕР ШАҒДАТ

Осыдан 7-8 жыл бұрын аудан орталығында автокөліктің қосалқы бөлшектерін сататын екі дүкен бар еді. Оның бірін Шағдат Қайранбаев ашқан. Одан бері де біраз уақыт өтті. Былтыр ол автокөлік жөндеу орталығын ашты. Бұл мақсатта «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасымен «Халық банкі» арқылы 9,3 млн теңге несие алды. Орталықта бес адам жұмыс істейді.

– Жөндеу орталығымен қоса көлік жуу орнын да аштым. Бір күнде 30-40 келуші бар. Қалаға сабылмай-ақ, автокөліктің ақауын осы жерден тауып, жөндей береміз. Халыққа да қажетті сол. Тұрақты келушілерімізге жеңілдік те бар. Арнайы келісімшарт арқылы мекемелермен де жұмыс істейміз, – дейді кәсіпкер.

Сырдария ауданы.

Елімізде Салық кодексіне енгізілген бірқатар өзгерістер қолданыла бастады. Алайда, бұл өзгерістер туралы білікті мамандар түсіндірме жұмыстарын жүргізбесе, жергілікті жердегі сала қызметкерлеріне түсіну оңайға соқпайды. Облыстық әкімдіктің мәжіліс залында Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті кәсіпкерліктің жеке түрлеріне салық салу басқармасының басшысы Гүлмира Смағұлова бастаған мамандардың қатысуымен өткен семинар осы мақсатта ұйымдастырылған болатын. Семинарда Г.Смағұловамен қатар оналту және банкроттық басқармасы басшысының орынбасары Айжан Бозаева, осы басқарманың бас сарапшысы Балғын Ханділді, өндірістік емес төлемдер басқармасының бас сарапшысы Дархан Бейсеналиев жергілікті мамандарға салық заңнамасындағы өзгерістер туралы айтып берді.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

# Салық жүктемесі жеңілдейді



Комитет мамандары түсіндіріп өткендей, 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап, 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін бірқатар отандық салық төлеушілер салық төлеуден босатылды. Бұл – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауында микро және шағын бизнесті үш жылға табыс салығынан босату туралы тапсырмасы бойынша қолға алынған шаралардың бірі. Ол шағын және орта бизнес өкілдерінің салық жүктемесін жеңілдету мақсатын көздейді.

Заңнамаға сәйкес микро-бизнес – 15 адамға дейінгі жұмысшысы бар және жылдық табысы 30 мың АЕК (79 млн теңге) дейінгі жеке кәсіпкер. Ал шағын бизнес – 100 адамға дейінгі жұмысшысы және 300 мың АЕК (795 млн теңге) жылдық табысы бар жеке кәсіпкер мен заңды тұлға. Табысқа салынатын салық – заңды тұлғалар үшін корпоративтік табыс, жеке кәсіпкерлер үшін жеке табыс, шаруа немесе фермер қожалықтары үшін бірыңғай жер салығы. Сондай-ақ оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимі – (АСР) қызметін жүзеге асыратын кәсіпкерлер үшін әлеуметтік салық. Барлық қалған салықтар мен төлемдер міндеттемелер туындаған кезде төленеді. Бұл ретте, салық төлеуден босату арнайы салық режимдерін (АСР) қолданатын шағын және шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қолданылады.

Салық кодексіндегі өзгеріске сай, патентті қолдану құқығы бойынша көрсетілетін қызмет түрлерінің (32 қызмет түрі) тізімі жарияланған. Сонымен қатар, 12 түрлі қызметке патентті қолдануды алып тастау қарастырылған. Мақсат – бейресми еңбек қатынасын болдырмау және нақты кірістерді жасыруға жол бермеу. Сонымен бірге, өзгерістер көлеңкелі бизнесті ашыққа шығарып, жалдамалы жұмыскерлерді заңдастыруға бағытталған. Онда жалдамалы қызметкерлерді тартусыз жүзеге асырылуы мүмкін емес қызмет түрлері бойынша та-

быс табуға патент талап етілмейді. Мысалы, тәулік бойы сауда, азық-түлік сату, базарларда сауда жүргізу және тағы басқа. Мұнда халықаралық тәжірибеге сай ұзақ колонершілерге қойылатын салықтық тәртіп негізінде кірісті қалағалауды және жалдамалы жұмысшыларды бақылауды күшейтеу көзделген.

Рұқсат етілген тізімге енген кәсіпкерлер үшін көрсететін кәсіпкерлер салық төлеу тәртібін өзгертуі керек. Олар 2 түрлі тәртіптің бірін таңдайды, яғни, жеңілдетілген декларация негізіндегі немесе тіркелген шегерім пайдаланылатын арнаулы салық тәртібі.

Өзгерістерге сай бірыңғай жер салығын төлеушілер (БЖС) кірістен жеке табыс салығын, жер салығын, жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемдерді, көлік құралдары салығын және мүлік салығын (белгіленген шектерде), әлеуметтік салықты, қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемдерді төлеушілер болып есептелмейді. Сонымен қатар, жаңа жылдан бастап тіркелген салық заң жүзінде жойылды. Тіркелген салық төлеушілер салық салудың басқа режимдеріне көшуге және тіркелген салық салу объектілерін есептен шығаруға міндетті.

Семинарға қатысушылар сондай-ақ оналту рәсімін қолдану үшін ақшалай міндеттемелердің мөлшеріне және олардың орындалмау ұзақтығына талап қойылмайтыны туралы хабарлар болды. Оналту рәсімін қолдануға жеке кәсіпкерлер де мүмкіндік алып отыр. Ал банкроттық туралы іс қозғау үшін кәсіпкерлік субъектісіне активтердің алдындағы міндеттемелердің тұрақты асып кетуі туралы мәліметтер болса жеткілікті. Заң қағидалары кепілді кредиттер мен әлеуметтік бағыттағы кредиторлар мүдделерінің теңгерімін қамтамасыз етеді.

Семинар соңында қатысушылар өздерін толғандырған мәселелер бойынша сұрақтар қойып, тұшымды жауаптар алды.



# БІТКЕН ІС пен БАСТАМАЛАР

Шиелі ауданында мемлекеттік бағдарламалар аясында көптеген игілікті істер жүзеге асырылып келеді. Олардың барлығы халықтың әлеуметтік ахуалын жақсартуға бағытталған. Аудан орталығының іргесінде орналасқан Көкшоқы елді мекенінде үш қабатты 18 пәтерлі тұрғын үй құрылысы жүргізілуде. Құрылыс «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында қолға алынған. Бұл мақсатта облыстық бюджеттен қаржы қаралған. Қазір құрылыс-монтаждау жұмыстары жасалуда. Мұнда екі бөлмелі 12, үш бөлмелі 6 пәтер бар. Жалпы аумағы 1051,4 шаршы метрді құрайды.

Әділжан ҰМБЕТ.

– Ауданда тұрғын үй кезегінде 1061 адам тұр. Бұл отбасылардың 962-сі әлеуметтік жағынан аз қамтылғандар. Оларды тұрғын үймен қамту бағытында нәтижелі жұмыстар атқарылып келеді. Алдағы уақытта үш қабатты тағы үш үйдің құрылысын жүргізетін боламыз. Сондай-ақ, аудан орталығының шеткі аймағынан үш бөлмелі 34 тұрғын үй бой көтереді деп жоспарланып отыр. Таяу уақытта қаржы шешілсе, құрылыс жұмыстары басталады деп күтілуде, – делі аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі басшысының міндетін атқарушы Жомарт Баяділов.

Шиеліде аудандық аурухана өткен жылдың соңында пайдалануға берілді. Алыстан көз тартатын әсем ғимаратта емдеудің барлық шараларын атқаруға мүмкіндік жасалған. Оған 5 млрд теңгеден астам қаржы жұмсалып, 2 млрд теңгеге медициналық құрал-жабдықтар жеткізілді.

Жергілікті мамандардың айтуынша, кейінгі жылдарда ауданда денсаулық сақтау жұйесінің жұмысын жақсарту бағытында нәтижелі жұмыстар атқарылууда. Соңғы 10 жылдың көлемінде 20-ға жуық медициналық нысан жаңадан бой көтерді. Ел игілігіне айналған аудандық аурухана көптеген күрделі оталарды жергілікті емдеу мекемесінде жасауға мүмкіндік туғызды.

– Бізде қазір көптеген медициналық құрал-жабдық бар.



Мәселен, қызметі бірнеше есе жетілдірілген лапароскопиялық ота жасайтын видеокүрылғы, дүниеге жана келген нәрестеден бастап ересек азаматтарға дейін қолдануға болатын жасанды дем беру аппараттарын күнделікті жұмыс барысында қолданып келеміз. Сондай-ақ, шала туған нәрестелерді бірқалыпты жылуда ұстап тұратын кювездер, ауыр жағдайдағы науқастардың жатуына ыңғайлы автоматты түрде көтеріліп тұсетін функционалды керулеттен

бөлек, аудан медицинасында бұрын-соңды пайдаланылмаған техникалық құрал-жабдықтар ауруханаға жеткізілді, – деді жансақтау бөлімшесінің меңгерушісі Берік Болатов.

Емдеу орнының ғимараты кең де жарық. Онда науқастарға барлық жағдай қарастырылған. Перзентхана, балалар, жансақтау секілді бірнеше бөлімше біріктірілген.

Бидайкөл ауылының да бейнесі жылдан-жылға жақсарып

келеді. Балай Еңбек ері шыққан берекелі ауыл қай кезеңде де осындай жарасымды дәстүрден ажыраған жоқ. Қазір ауылдың кей бөлігіне «көгілдір отын» жетті. Қалғанына жақын арада толық тартылады деген жоспар бар.

Ауылдық ардагерлер кенесінің төрағасы Әділхан Бектегенов елді мекендегі бастамалар мен біткен іске елдің атынан ризашылығын жеткізді.

– Осындай игілікті істердің нәтижесі ретінде жеке кәсіп-

кер Ғалымжан Ерекеевтің де-меушілігімен салынған «Бастау» сауықтыру кешенін айта кетсек болады. Бұрын жергілікті тұрғындар үшін бұл орындалмас арман секілді көрінетін. Ауылдағылар да еселі еңбек пен табыстан тау тұрғызып, берекелі тірліктің қазанын қайнатып отыр, – делі ол.

Сауықтыру кешені құрылысының жалпы құны 180 млн теңгені құрайды. Онда үлкен және кіші бассейн орналасқан. Терендігі 1 метрге жуық.

– Қазір кешенде 6 адам еңбекпен қамтылған. Мұнда ауыл жастарының спортпен шұғылдануына қолайлы жағдай жасалған. Келушілер массаж, душ, асхана қызметтерін де пайдалана алады. Бізге келушілер саны уақыт өткен сайын арта түсуде. Көршілес елді мекен тұрғындары мен оқушылары да келіп тұрады, – делі Ғ. Ерекеев.

Бидайкөл ауылындағы тағы бір жаңалық – 56 млн теңгеге салынған ашық спорт алаңы. Онда балалардың ойын, жаттығу және футбол алаңы орналасқан. Бұл жобаға «Samruk-Kazyna Trust» корпоративтік қоры демеушілік жасады.

– Спорт алаңы №148 орта мектептің аумағында орын тепкен. Бұл оқушылар мен жергілікті жастардың салауатты өмір салтын ұстануына үлкен септігін тигізеді. Мұндай орындар алдағы уақытта еліміздің әрбір елді мекенінде бой көтереді деген сенімдеміз, – делі мектеп директоры Орынкүл Шорабаева.

Елімізде халықтың жағдайын жақсарту бағытында көптеген келелі істер атқарылды. Олардың әрбірі ауыл аярына кіргізіп, ауқымды жобаларды айшықтай түсті. Кешегі мен бүгінгі бейнесіне көз салып көрсеніз, ауыл өмірі өрелі өзгерістердің өміршең тынысын айшықтай түседі. Бұл еліміздегі береке мен бірліктің жарасымды үрдісін айғақтайды.

Шиелі ауданы.

## ӨНЕРДІ КАСТЕРЛЕУШІЛЕРДІҢ БАСЫН ҚОСҚАН

Димаштың өнерін кастерлеп, жоғары бағалаған жанкүйерлері – бүгінде “Dears” деген атаумен белгілі бүкіләлемдік фан-базасын қалыптастырды. Әлемнің әр түрлі елдеріндегі “Dears” мүшелері – өнер десе ішер асын жерге қоятын талғампаз қауым ортақ мақсатта ынта-ықыласпен жұмыла әрекет ететіндігімен, интернетте өте белсенділігімен белгілі. Олар өз кезегінде Димашты сүйіспеншілікпен, Ханзада Ди деп атап кетті.

Бұның барлығы бүгінде белгілі жайттар. Десе де, менің бұл мақалам “Сыр бойының” смартфон мен планшетке үңілмейтін, интернет ірімдерін ақтармайтын оқырмандар тобына, яғни аға ұрпақ өкілдеріне арналады. Олар әлемнің түкпір-түкпіріндегі Димаштың фанаттарының сүйікті әншісіне деген ыстық ықыласқа толы пікірлерін күнделікті жариялап жатқандығынан хабарсыз, әрине. Сол себептен де жоғарыда айтқан оқырмандар тобы осындай жүздеген, мыңдаған пікірлердің ең болмаса бір-нешеуімен таныса деген ниет ғана осы мақаланы жазуға итермеледі.

Жалпы Димаштың өнеріне осындай табынушылықтың сыры неде? Осында адамды өзіне құштар қылып, баурап алудың қандай құпиясы бар?

Әрине, бірінші кезекте адамды баурап алатын дүние – оның ерекше дауысы. Кәсіби мамандар пікірінше, ол ән айтудың өте сирек кездесетін техникасы – белькантони керемет менгерген. Италия тілінен аударғанда “бельканто” сөзі “әнді әдемі айту” деген ұғымды білдіреді. Ол бойынша дауыс төменгі немесе жоғары нотаға қиналмай ауысады. Димаштың дауыс диапазоны өте кең, музыка мамандары 6 октаваны еркін менгерген деп айтады. Ол вокальдық шығармаларды түрлі жанрда және бірнеше тілде шықарып береді. Оған қоса бірнеше аспапта ойнай алатыны тағы бар.

Екіншіден, келбеті келіскен көрікті жас жігіт сымбатты тұр-тұлғасымен адамды өзіне тартып тұрады. Адамдағы басты сұлулық – ішкі жан дүниесі, мінез, қалыптасқан әдептілігі. Тыңдармандары Димаштың өте тәрбиелі әрі мәдениетті жан екенін бірден байқайды. Оның қарапайымдылығы, биызылғы, кішіпейілділігі, жалпы бекзат болмысы тәтті етті.

Осы орайда мына бір жайды мысалға келтіріп кетелік. Қытайдағы 2017 жылғы ұйымдастырылған “I am Singer” бағдарламасы Димаш қатысқаннан кейін рейтингісі бірден аспандап кетті. Бұған дейін Азия аймағында ғана белгілі болып келген жоба біздің баламыздың арқасында әлемге танылды. Мұнан кейін ұйымдастырушылар осы деңгейден түспеу жағын ойластырады.

Ол үшін Батыс әншілерін қатыстырған жөн деп санайды. Осылайша 2018 жылы өткен байқауға мұхиттың ар жағынан американдық әнші Джесси Джейдін қатысқанын қалап, шақыру жібереді.

Ал ол конкурсақа заңгері бар, арт директоры бар, продюсері бар, асай-мүсейі бар дегендей, үлкен қомандалымен келеді. Ол Димаш секілді жоба ұйымдастырушыларының талабына көнбеген, керісінше әлгі бір топ адамның алдына сап, жобаны ұйымдастырушылардың өзін жүгіртіп қойғана ұқсайды. Байқауда бірде-бір рет қытай тілінде ән салмаған. Өзін өте паң ұстаған. Көрермендерге осынысы ұнамай қалыпты. Димаштағы мәдениеттілік, Димаштағы қарапайымдылық, Димаштағы ізеттілік көре алмай қаймана болыпты көрермендер.

Димаш 2018 жылы өткен конкурстың жабылар сәтінде күрметті қонақ ретінде ән шықпаған болатын. Сол сәтте оған танданыспен қарап қалған Джессиді көрсеткен видео әлеуметтік желіде пайда болды. Видеоны тамашалаушылар Джессидің Димашқа бәсекелес бола алмайтынын бірден кесіп айтты. Өйткені, Димаштың дауысын қайталауға тырысқан ол шықпалап қалады. Ал өз танданысын жасыра алмаған оның продюсері мен заңгері бірден Димашты телефондарына түсіре бастайды.

Осыдан кейін Димаш керемет дауыс иесі болып, ерекше талантпен, сыртқы сұлулығымен көзге түскенмен, ішкі жан дүниесі лас болса, тыңдармандар махаббатына бөлене қоймас еді деп ой түейсің. Сол себептен де Димаштай ұлына қазық тәрбие беріп, тектілікке, адамгершіліктің биік қасиеттеріне баулыған ата-әжесі мен ата-анасына мың алғыс!

## КӨРЕРМЕНГЕ ҚҰРМЕТ

Көрермендер Димаштың еңбекқорлығын, сахнада өзін ұстауы көрермендерге ізеттілігін ерекше атап өтеді.

“Маған оның сахнада өзін ұстауы, фанаттарына деген іттипаты ұнайды. Оның жасы үлкен адамдарға, қазақ мәдениетіне, ата-анасына деген құрметі ұнайды. Жүрегінің тазалығы ұнайды. Ол жастардың еліктеуіне тұрарлық нағыз тұлға деп есептеймін” деп жазады 22 жастағы бразилиялық Ана Пола.

Ал Сан Диего қаласының тұрғыны 55 жастағы Сорайя Перейра Димаштың танымал болуына бір өнерпаздың бойында сирек кездесетін бірнеше қасиеттердің топтасыуы себеп екенін айтады. “Адам сенсіз талант, еңбекқорлық, әнді жан-тәнімен барынша беріліп орындауы, музыкалық білім, харизмаға толы мінезі, сахнадағы қимылы, сондай-ақ қарапайымдылық пен ашықтығы және сымбаттылығы адамды сонша баурап алады” деп ағынан жарылған.

Фанаттар, сондай-ақ, біздің баламыздың өз Отанының патриоты, ана тілі мен ұлтының өнерін дәріптеуші ретінде де құрмет тұтады.

– Мен “YouTube”-тан Димаштың ән салып тұрғанын кездейсоқ көріп қалдым. Оның дауысының менің денемде діріл пайда болды. Әуелі оның вокальдық қасиеттерін, әдемі даусын ұнатсам, одан

# ӘН ӘЛЕМІНІҢ ХАНЗАДАСЫ

Ұлырыс ТӘЖІҰЛЫ.

Димаш!!! Оның есімін естігенде ішкен асын жерге қоятын адамдар миллиондарды тіптен миллиардтарды құрайтын шығар. Әлемді әнімен тамсандырған қазақтың біртуар ұлы туралы бүгінде айтылмаған, жазылмаған, көрсетілмеген дүние қалмаған десе де болады. Әлемнің негізгі ақпарат құралдары әншінің әр басқан қадамын ақпараттандырып, оның концертті аяқталмай жатып, сол сәтте хабар таратып, үлгіріп жатады. Ол туралы сұхбаттар, репортаждар, түсірілімдер, жазылған мақалалар жетіп артылады. Оларда небір теңеулер мен талдаулар, суреттеулер молынан келтірілуде. Осыдан кейін, шынын айтқанда, Димаш туралы жазуға да жүрексінесің.

Өткен жыл Димаш үшін өте жемісті жыл болды. Оның бір жыл ішінде болған елдері мен қалаларын, қойған концерттерін, алған марапаттары мен атақтарын тізіп көрсетудің өзіне бір мақала аздық етер. Сондықтан көпшілікке мәлім ақпараттарды қайталап жатудың қажеті жоқ деп ойлаймын. Бір ғана Нью-Йорктегі концертіне АҚШ-тың 41 штатынан және әлемнің 63 елінен келген көрермендер қатысқанын еске салып өтсек те жеткілікті.

кейін өзін ұстау мәнеріне өте қатты танағалдым. Ал оның көріктілігі жайлы сөз айтудың өзі артық, – деп жазады чехиялық Нада Кривонова. Ол Димаштың Лондондағы концертіне барып келгеннен кейін құрбысы екеуі фан-клуб ұйымдастырып, әлеуметтік желіден парақша ашып, Димаштың жанкүйерлерінің басын қосқан.

## ҚАЙҒЫДАН СЕЙЛТКЕН ӨНЕР

Димаш ән айтқанда тыңдармандар ерекше сезімге бөленеді. Олар өздерінің эмоцияларын тежей алмай, қосыла ән салады, шаттанады, билен кетеді. Интернет желісі Димаштың әнін тыңдаушылардың көзіне жас алған сәттерін көрсеткен көріністерге толы. Өйткені, оның әндері адамды қуанышқа бөлумен қатар, сағынышқа толы естеліктерін, мұңлы сәттерін есіне түсіреді және қайғысынан сейілтеді.

Димаш ән салып, шырқау сәтінде жеткенде тыңдаушылардың бүкіл өмірі, қуаныштары мен сүйініштері, алыста қалған балалық шағы, ата-анасы мен бауырлары, басынан өткен қайғысы және мұңды сәттері – бәрі-бәрі көз алдына келіп, тамағына өксік тығылып, көз жасын тая алмайды. Ұлы Абай жырлағандай:

Құдай-ау, қайда сол жылдар,  
Махаббат, қызық мол жылдар?  
Ақырын, ақырын шегініп,  
Алыстап кетті-ау құрғырлар! – деп олардың жастық шағы мен махаббатына да еске түсіретіні сөзсіз.

Мұндай көріністерді көргенде әлемге осындай дарынды сыйлаған қазақ халқының өкілі екенінді мақтанышыпен сезінесің. Ал Димаштың әнін тыңдап, небір сәттерді басынан кешкені туралы жазған фанаттары да аз емес.

“Мен Димашпен өмірімнің ең қиын кезінде таныстым. Содан бері, міне, 2,5 айдан асты, оның әнін тыңдамасам отыра алмаймын. Бұл кешқұрым уақытта болды. Қараңғылықта қайғыдан у ішіп, қатты құлазып отыр едім. Өйткені бір мезетте бар жақынымнан – ата-анамнан, бауырым мен сіңілімнен және баламнан айырылып, қан жылап отырдым. Өмір сүргім келмеді. Осы түні өмірмен қош айтысамын деп іштім. Қанша көз жасымды төктім. Тек өлімнен басқа жолды көрмедім. Достарым да жоқ. Отбасымнан да айырылдым.”

Дәріні ұстап, ішуге дайындалдым. “Бір белгі берші. Маған бұл өмірде не қызық қалды” деп сыйынып, құдайыма соңғы сөзімді айтып отырғанмын. Тап сол мезетте жұмақтағы періштең дауысындай ғажап сикырлы үнді естідім. Басында түсінбей отырдым. Сөйтсем, компьютерді өшіруді ұмытқан екенім. Ғажап үн компьютерден шығып жатыр екен.

Өзімді ажалдан, үлкен күнәдан арашалап қалған, өмірге қайтарған сол дауыс несі жайлы білім келді. Бұл – “SOS d’un terrien en détresse” әнін орындаған Димаш Құдайберген еді. Жас әншінің періштедей үлбіреген жүзінен көз алмадым. Денем түршігіп тыңдай бердім. Тыңдай бердім. Ол туралы көбірек білім келіп, интернетті ақтардым. Оның орындауындағы әндердің барлығын тыңдап, рахаққа бөлендім.

Сөйтіп жүріп, Димаштың фан-клубының мүшесі атандым. Олар тіпті менің жана отбасы мүшелерім сияқты болып кетті. Осылайша, сол бір қаралы түнде Димаш пен оның музыкасы, ғажап әуезді үні мені ажалдан арашалап қалды. Сол үшін оған алғысым шексіз. Мүмкін ол өзінің менің жан дүниемді қаншалықты жаулап алғанын білмес. Ал мен Димаштың арқасында жадырап жүремін, жан-жағымға күлімісіреп қараймын. Өзімнің жер басып, тірі жүргеніме қуанамын. Менің қымбатты Бекзатым, мені ажалдан арашалап қалғаныңыз үшін сізге алғыс айтамын! Және өзімнің қымбат адамдарым үшін мен қазір әрбір күнді бақытқа балаймын. Мен сізді жан жүрегіммен жақсы көремін!” – деп канадалық Линда Дассилва осыдан екі жылдай бұрын жан сарайын ақтарыпты.

Өзін Джей деп атаған Оңтүстік Африка Республикасының тұрғыны 28 жылдан астам уақыт өте ауыр қайғымен өмір сүріп келгенін айтады. Өткен ғасырдың 80 жылдары елдегі апатрейткі нәсілшілдік саясаттың күшейіп тұрған шағында оның ұнатқан кара нәсілді жігітін расистер қыздың көз алдында пистолеттен 18 оқ жұмсап, атып алтырған. Осындай ауыр депрессиядан

шығуға бірден-бір себеп болған Димаштың салған әні дейді.

“Көлігіммен қалаға қайтып келе жатқамын. Радиодан концерт беріп жатты. Бір уақытта Димаштың әнін берді. Керемет дауыс. Тұла бойымда діріл пайда болды. Құдай-ау, сол уақытта ағыл-тегіл жылап, көз жасымды тоқтап алсамшы. Көліктен түсіп, жол жиегінде отырып тоқтаусыз жыладым. Біраздан кейін өз-өзіме келгендей болдым. Тұла бойым жеңілдеп, 28 жыл бойы еңсемді басып келген ауыртпалықтан босағандай күй кештім. Қайтадан көлігіме отырып, Димаштың концертін тыңдауды жалғастырдым. Сол кезде ғана менің жан дүниемді тазартқан, жаралы жүрегімді емдеп жазған Димаштың әні, оның керемет дауысы екенін ұғындым. Көп жылдан бері бірінші рет рахаттанып тамақ жеп, рахаттанып ұйықтаған күнім болды” деген пікірін жазады. Ол енді қазақ баласының өнерін кастерлеушілердің біріне айналғанын, ендігі арманы Димашпен кездесіп, ауыр депрессиядан шығуға көмектескендігі үшін ризашылығын жеткізгісі келетінін айтады.

Мальта аралының 22 жастағы тұрғыны Ширли Аззопарди өз пікірінде “Димашқа деген алғысымды сөзбен жеткізу қиын. Оның әндері менің қайғымды жеңуіме көмектесті. Екі жыл бұрын анам онкологиялық дертке шалдығып, содан қайтыс болды. Мен өз-өзіме келе алмай, өмірден түңіліп, тұйықталып қалдым. Осындай жағдайдан құтқарып, жан дүниемді сауықтырған, өмірге деген құштарлығымды қайта оятқан Димаш!” деп жазады. Мұндай ағынан жарылып жазылған пікірлердің өте көп екенін айта кеткен жөн. Осы ретте бұған дейін ақпарат құралдарында талай рет жарияланған жаңазеландиялық әйел туралы оқиғаны еске салып кетуге болады. Обыр ауруына шалдығып, науқасы дендей бастаған әйел Димаштың әнін естігеннен кейін өзгеше күйге енгенін, өзін жақсы сезіне бастағанын байқады. Содан Димаштың туған жеріне баруым керек деген шешімге келеді. Ал мүгедектік арбаға танылған адамға ол оңай соқпайтыны белгілі. Жолға шығуға үш ай дайындық жасайды. Содан соң төрт аварейісі арқылы Қазақстанға жетіп, Димаштың ата-анасының үйінде қонақта болады. Бір таңданарлық, ол еліне оралғаннан кейін тексеру жасаған, дәрігерлер науқас әйелдің жағдайы бұрынғыдан әуір жақсарғанын растайды.

Иә, бұл шынайы өнердің құдіреті болса керек.

## ІЗГІЛІК НҰРЫН СЕПКЕН ПЕРІШТЕ

Қазір бір жанталастың заманы. Адамдар толассыз ақпараттар ағынына душар болған. Жалаулатып бірінші кезекте негативті ақпараттар жетіп жатады. Оларда алдау, арбау, екіжүзділік, әділетсіздік, зорлық пен зомбылық, қатыгездік орын алғаны секілді жағымсыз ақпараттар аз емес. Оның үстіне қазіргі эстрадалық шоулар эстетикадан гөрі арзан эротизмге көбірек бой ұрып кеткен. Осының бәрі адамдардың санасына кері әсер етеді, жан дүниесін құлаздытады. Стресске жүреді. Міне, осындай кезеңде Димаштың жарқ етіп пайда болуы Батыс елдері болсын, әлемнің басқа түпкірлері болсын, ондағы адамдарға ерекше әсер етті. Ол өзінің теңдессіз өнерімен, бекзат болмысымен әлемге ізгілік пен тазалықтың нұрын сеуіп, миллиондаған жанға нағыз адамның үлгісін көрсете білді. Барлық жерде адамдар оны осы әлемді тазартуға, сонымен бірге оны мекен еткен тұрғындардың жан дүниесін тазартуға көктен жіберілген періште деп қабылдауда. Оның есімі мен тегінің тектен-тек солай аталмаған деп есептейді олар.

“Бізді Жаратушы иеміз әлі де жақсы көреді екен. Біз қанша қунаға батып, жер дүниесі бүлдіріп, соғысып жатқанның өзінде Димаш секілді таңғайып жанды тарту етуі соның дәлелі емес пе? деп тебіренеді Санктпетербургтік Галина Москалева.

Осыған ұқсас келесі пікірде: “Жер шарын жаман адамдар бүлдіріп бітті. Жаратушы иеміз өзіне “Жердің жарасын емдесін, адамдардың жан дүниелерінді тазартсын деп өз бұлбұлымды жіберем” депті. Осылайша Димаш феномені пайда болды.” деген ой келтірілген.

Ағылшын елінен Пол есімді азаматтың айтқанына назар аударайық. “Мен алғаш инсульт алғанда бірінші рет

өмір мен өлім туралы ойларға берілдім. Бұған дейін олар туралы үстірт ойлап келіпін. Міне, осы кезде жақындарым маған Димаш Құдайбергенді тыңдап көруге ақыл-кеңес берді. Олардың айтқанын орындағаным қандай дұрыс болған?! Мен қайта тірілгендей болдым. Расында да аурудың азабын жеңілдетті. Ол ғарыштан түскен періште сияқты. Оның біздің ғаламшардан емес екені анық”. Ал Мария Деменчук есімді жанкүйері тебіреніске толы келесі өлең жолдарын арнайды:

Мир стоит у бездны на краю.  
Чтобы наши растопить сердца,  
Чтоб собралъ людей в одну семью,

Бог послал нам этого певца.  
Слышат даже звезды в небесах,  
Как поет он – сын Земли, казах.  
И уходит прочь и боль, и страх,  
Лишь восторг...

и слезы на глазах...  
Пой, Димаш! Пусть льется  
голос твой!  
Чтобы мир не потонул во мгле,  
Пой же, “богом данный”,

вечно пой,  
Пой во имя жизни на земле!  
Интернеттегі мұндай арнаулардың санына жете алмайсың. Барлығы да, сайып келгенде, Димаштың әндері мен оның даусы адамдарға жағымды әсер етіп жатқанын жарыса жазады. Адамдарға қайғы-мұңын, басына түскен ауыртпалығын жеңілдетуге көмектесіп жатқанын айтады. Олар Димашты осы бір дүрбеленге толы, қаталдығы мен салқындығы мол дүниеде өздерін құтқарушы деп санайтынын жеткізуде. Ол – Жер бетіне космостан түсіп тұрған сәуле, күйіліп жатқан нұр. Оның өнеріне табынушылар осылай есептейді.

## ҚАЗАҚ ӘНІНЕ ҚҰШТАРЛЫҚ

Жалпы Димаштың кез келген әні – шедевр. Десе де, фанаттар оның орындауындағы қазақ әндерін ерекше сүйсініп тыңдайды. “Махаббат бер маған” деген әнін тыңдаған ресейлік Надежда Павлова “Қандай сұлулық! Бетіңді жас жуып кеткенін сезбей қаласын. Қазақ әндері қандай тамаша!!! Димаштың қазақ тілінде айтқан әндері сондай ұнайды. Ғажап! Шексіз тыңдай бергің келеді” десе, келесі жанды “Қазақ әндері мен қазақ тілінің сұлулығын әлемге паш еткен Димашқа рахмет!” деген ризашылығын жеткізеді. Бакир Мамадалиев есімді қырғыз бауырмыз “Қазақ туғандардың жигиті дүйнөну бағытың жатат. Күт болсын боордоштор!” деп жазса, оның отандасы Айгүл Оморова “Димаштың ырдағанын уққан сайын уққуң келет, көргөн сайын көргүң келет. Өзүңо тартып тұрған сыйқыры – бұл анын таланты, эч кимде жоқ үңү, чебер атқаруусу. Мазмунун өте терен ачып, берилип ырдайт. Жүрек титирейт, ар бир сөзүңо ишенесін да, ыргағына қошо ыргаласың.” деп тебіренген.

Үнді мұхитындағы Францияға қарасты Рекиньон аралының тұрғыны Кларисс есімді бойжеткен әлеуметтік желіге:

“Бүгін мен сіз туралы, сіздің керемет талантыңыз туралы ойларымды түсіріп отырмын. Мен әңде сұлулықтың, махаббаттың, эмоцияның қатар болатынын өмірімде бірінші рет сезіндім. Бұл – адам сенсіз жайт. Ол қалайша мүмкін. Мұның бәрі – менің түсінігімнен тыс дүние. Мен сізге өзіңіздің қайталанбас өнеріңізді бөліккеніңіз үшін “Рахмет!” дегім келеді” деген пікірін жазыпты. Кларисс сонымен бірге Димаштың ана тілінен бөлек басқа тілдерде сөйлеп, ән шықрайтынын қабілетін атап өткен. Енді өзі қазақ тіліндегі әндерге ден қойып, “Дайыдауды” үйренсе бастағанын мәлімдейді.

Осы ретте ақпарат құралдарынан португалиялық Лара Алеийа есімді әнші қыздың Димаш репертуарындағы “Умытылмас күн” әнін орындағанын сол мәрте көрсеткенін айтуға болады. Дәл осы әнді Санкт-Петербурктегі концертте Димаштың индонезиялық фанаты Римар есімді қыз бірге шықпағанына куә болды.

Нью-Йорктегі әйгілі «Barclays Center» орталығындағы концертті тамашалаған американдық фанат Димашқа қазішкі ән айтқанда залдағы 19 мың көрерменнің бәрі қазақ шығар деп ойлады деген әсерімен бөліскен. Сөз жоқ, Димаштың арқасында әлем жұрты қазақтың өнеріне, тіліне, мәдениеті мен

тарихына деген қызығушылығы артып келеді.

Димашқа сүйсінеу, риза болмау, қайран қалмау мүмкін емес. “Мен үшін өте уят! Маскара! Димаш туралы бір апта бұрын ғана естіп білдім. Енді осы күндері оның әндерін тыңдап, құлақ құрышымды қандыра алар емесің. Басқаларды тіптен тыңдағым келмейді. Димашик!!! Сен біздің жарқыраған күнімізсің! Рахмет саған! Сен космосың! Кереметсің! Сағф алтынсың! Жауһарсың! Құдайым сені сақтасың!” Бұл Германияның Алина Енге есімді тұрғынының жазғаны.

Оны әлемнің мықты деген өнер майталмандары түгел мойындап, «Құбылыс» деп атады. Бұған дейін қазақ халқының мақтан тұтар өнерлі ұлқындары аз болған жоқ. Кезінде қазақ даласын әсем әнімен тербеген Біржан сал, Өсет, Ақан сері секілді әншілердің кешегі мен бүгінгі ізбасарлары – Өміре Қашаубаев, Еркек Серкебаев, Нұрғиса Тілендиев, Роза Бағланова, Бибігүл Төлегенова, Әлібек Дінішев, Роза Темебаева, Алмас Алматов секілді тағы басқа көптеген әнші-композиторлары мен жыршы-термешілері өз өнерлерімен шет мемлекеттер халқын талай тамсандырғанын білеміз.

Ал Димашымыз олар шыққан белестен де шырқау биікке көтеріліп, бүкіл дүние жүзі үшін жұлдызды тұлғаға айналды. Ол тек қазақтың ғана емес, Жер атты планетаның барша тұрғындарының сүйікті ұлына айналды. Әлемге Димаштай ұл сыйлаған қазақ халқына рахмет! Бүгінде әлеуметтік желілер осындай ризашылық лебіздерге толы.

## ӨЗІНДІ ЖАТТАЙ СЫЙЛА!

Димаштың фан-клубтары әлемнің жүзден аса мемлекетінде құрылған. Сол мемлекеттердің ірі қалаларының әрқайсысында осындай клубтар жұмыс істей жатыр. Сондықтан олардың дәл санын ешкім айтты бере алмайды. Жанкүйерлер қатарын жастар да, орта буын да, аға ұрпақ өкілдері де құрайды. Діни, нәсілі, ұлты, әлеуметтік жағдайлары әртүрлі адамдар осындай ұйымдарға бас қосып, Димашқа, Қазақстанға қатысты оңғы жаңалықтарды бөліседі. Жана әндер туралы пікірлерін білдіреді. Олар сол жердегі тұрмысы төмен, жағдайы жоқ адамдар үшін қайырымдылық көрсету секілді өзге де ізгілікті шаралар ұйымдастырып жатады.

Күні кеше Нью-Йорктегі фан-клуб тұр жылдығын атап өтіп, Манхэттеннің тура орталығында Қазақстанның туын желбіретіп, Ұлы Даланың әуендерін шырақды. Жалпы фан-клубтар мүшелерінің көбісі Қазақстанға міндетті түрде кету туралы шешім қабылдағанын айта келу керек. Біразы Нұр-Сұлтан мен Алматыда болып үлгерген. Олар Нұр-Сұлтан қаласы сәулетімен, тазалығымен, кендігімен ерекшеленетінін және Алматы өзінің сұлулығын ұнаытынын атап өтуде. Бірақ оларды қыңжылтқан бір жағдай – Димаш Құдайберген секілді мега-жұлдыздың суреті салынған баннерлер мен билбордтардың болмауы немесе тым аздығы. Бұл мәселені тек мегаполистер ғана емес, барлық облыс орталықтары, тіптен аудан орталықтары әкмілері мен сала мамандары қаперге ала алатын болмайды. Қала орталығында немесе жастар бас қосатын орында кемінде бір-екі билборд болғаны дұрыс. Қарапайымдылықты ту еткен Димаш мұны қаламайтыны белгілі. Бірақ бұл шара басқаларымыз үшін қажет. Елімізде “100 жаңа есім” жобасы ең алғаш қолға алынғанда ондағы №1 тұлға Д.Құдайберген болғанын ұмытпаймыз керек. Оның бейнесі салынған билборд жастарға алға қойған мақсатына жетуге жол сілтейтін болады. Сыр елінің бас шаһары да бұл істен тыс қалмайды деп сенеміз.

Қазақстандықтар бұған дейін “Борат елінен” деген кекесінді сөздерді естіп намыстанатын болса, енді “Біз Димаштың отандасымыз” деп мақтаншып айтатын жағдайға жетті. Уақыт өткен сайын Димаштың туған елін көргісі келетіндердің қатары көбейе береді. Олар елімізге келгенде біз ұялмайтындай болуымыз керек. Барлық жерде тазалық орнап, сервисіміздің жақсара түсуіне назар аударылуы тиіс.

Мақалада Димашқа қатысты айтылған жүрекжарды лебіздердің авторлары – көршілес және алыс шет мемлекеттер тұрғындары. Ондай пікірлер өте көп. Оқырмандар назарына солардың бірқатарын ғана ұсына алдық. Бұған қарап өзіміздің бауырларымыз, отандастарымыз мұндай лебіздер жазбайды екен деген ой туындап қалмасын. Қазақстандықтардың Димашқа арнап жазып жатқан дүниелері шетелдіктерден асып түспесе кем емес. Олар өнерпаз ұлымызға барлық жақсылықтарды тілеп жатады. Оның амандығын тілейді. Концерттік шараларының тым жиілігі оған ауыр тиіп, шаршап қалмаса деп алаңдаушылық білдіреді. Әрине, сондай-ақ оның өнеріне тамашыларын жеткізеді. Осындай ұлды дүниеге әкелген ата-анасына, жақсы тәрбие берген ата-әжесіне айтып жатқан ризашылықтары шексіз. Енді Димаштан тезірек өзін өмірлік серігін тауып, оларды қуантса екен деген тілектер де аз емес. Алла қаласа, ондай қуанышты күннің де болары сөзсіз. Ол күні бәріміз қуанатын болсақ, әлемде миллиондаған қыз “ah” ұрып, бір мезгіл мұңға батытынын да сеземіз. Бірақ, көп ұзамай олар қайта жадырап, сүйікті әншісіне шын ниетімен бақыт тілейтіні анық.

Димаштың көршілес елдер мен Шығыс Еуропа мемлекеттеріндегі 11 қалаға жоспарлап қойған концерттік туры да басталып кетті. Оның бәрі жоспарға сай өтуіне тілектеспіз. Жалпы Димаш баламыздың

# ГЕРОЙ ШАЛ

– Ойырмай, орып кетті ғой!  
 – Ол не, қайда?  
 – Су керемінен асып кетіп ие бермей жатыр.  
 – Қай тұста?  
 – Герой шалдың жері жағында ма деймін.

Дикандар дағдарып қалды. Әп-сәтте темекі тұтатулар басталып та кетті. Өлгіндегі айқай-ұйқай басылғандай еді, қайтадан даланы бастарына көтеріп дабырласты.

Қытымыр қыс қанша қазымырланғанымен, мезгілі жеткенде көктемнің ағыл-тегіл ақ айран селіне төтеп бере алмауға қарады. Күдіретті күннен саулаған сағым сәулелер миз бакпай сірескен тонның жүзін әуелі бірте-бірте жібітіп алды, әрі-берідесін көбе-көбесін сөкті, түнелік бетін мұздатты, күндіз астынан зыркыраған ағын су, үстінен күн шуағы мүжі-мүжі ақырында буын-буынына түсіп ақ сорпасын шығарды. Оның үстіне наурыздың соңғы демі жаңбырлатқан желқузын ала келді. Көкпен себелеген нұр онысыз да былқылдай бастаған сармүйіз тонды нилдей ірітті. Қаратау қатпарларын қақырата ұлыған ұлан даланың ұлан-асыр желі жердің айдарын жұпқылпатып барып, дарияның жар кемеріне соққанда, алас ұрып далпылдаған канқандан сабалады.



Әңгімеге тартатын. Сондайда байқағаны, шалың келелі әңгіме-сұхбатқа жоқ екен. Дегенде, бір тәуірі соншалықты қарапайым, кейбір атақтылардай тұмсығымен көк тіреп танауартып тұрмайды. Ондай тез сыр алдыратындар тек өзіннен үстем басып бағландардың алдында әлпейім көрінгенмен, былайғылардың көзінше терісіне сыймай күнінп жүргендері. Қолдаушысыз, көтермешісіз өздері болғандай атак-абыройын бұлдағыш келеді.

Ал мына герой шалыңыз ондай пендешілікпен әуресі жоқ. Өзі тегінде елпелектеген қағылз кісі болуға керек, өйткені қанша рет қол алысып дидарласқанда, сол брөзен қарапайым қалпында жолығады көзі сығырайып. Еңбек ері болып көпке ақыл айтып, тәжірибе бөлестіндей төгіліп тұрған шешендігі жоқ. Дегенде, мансабы жоғарылар мен шанышқыдан жырылған белсенділер герой деп қышап, алқалап сөйлеткізіп қойса, амалы қайсы, минберге асылып ер таратып басын бір шалып тұрғаны.

Міне, сізге озат тәжірибе!  
 Герой шалыңыздың сондағы айтатыны:

– Менің атағым, – деп әуелі сол қолын залдың түкпіріне қарай сермелейді, сосын: – Менің мынау орден-медальдарым, – деп енді ол қолымен омырауын сипалап көрсетеді, – ел басқаруға беріле, Брежнев басшымыздың кезінде келген азаматтарымыздың арқасы ғой. Әуелі бір Құдай, қалды, мына терде төредей болып отырған бірінші хатшы Исатай інімің арқасы, – деп төрелікке қарай басын иіп еңсеріліп алады. Содан бір сәт аңырып тұрады да: – Осылар жабыла көптеп-көптеп кезінде бізге атак қайдан келеді. Бізде не қауқар бар. Бұл күнде біздің мына шақшадай шөңгеміздік, – деп басын ол қолының сұқ сауағымен нұқып-нұқып алып, – торғайдың миындай да ми қалмады ғой... – деп ағынан жарылады. Сол сәтте залдағылар қыран-топан күлкіге көміледі. Ал, Исатай Қарімов бастаған төреліктердегі қол шапалақтап жібереді. Оған төменде иытылап отырғандар қосыла көк соғып, бір дүрлігісіп қалады...

Басында торғайдың миындай да ми қалмаған сол шалың, міне, дала жұмыстарының қарбаласы қызған шағында жасы кездесті. Елгезек оны тым жалағай алмасыз-ау деп ойлайтын. Жұмыс басында да сол жұмысқа амандасатын қалпымен жайдары жүдесті. Маңдай терін кемі бір метрдей шыт орамалымен сүрттіп тұрып:

– Биыл маза жоқ, – деді. Дауысы қарлығиқы.

– О не дегеніңіз?

– Ай, шырағымай, кісінің жасы ұлғайған сайын қаруы қайта беріледі екен, аттаған алдымың да қысқара береді екен. Оның үстіне біз биыл мықтап кешіктік. Дәніміз толық себілмей, жерімізге су келмей бір тұра уақыт шаны шығып жатты. Маған осы биыл біртүрлі ыңғайсыздау болып тұрғаны...

Герой шал ағынан жарылып тұр. Осы Сыр бойының табиғаты біраз жылдан бері ерінен ерте қалған жерлердің мінезіндей тым құбылмалы болып тұр. Елгезектің көкек туысымен өлкенің біраз шаруашылығынан көргені, жалғыз осы «Майдан» совхозы ма, бар жерде бірдей құбылумен болды. Саурдің бірде күндей, бірде мүйіздей қиғаш күндері егістікке сайланып шыққан қадау-қадау атпал жігіттердің мұз жібітер жүргені май ішкендей кіпкілдеткенге куә болғаны бар. Қаратау аңғарынан боздап соққан қара дауыл ішін тартаптан сабаланып тұрып алсын. Ол аз болғандай, оған күнбатыстағы космодромнан үстін-үстін ұшырылған тажал зымырандар ғарышқа көтеріліп кеткенін артынан үдерсе соғатын даулы қосылғанда, жер-дүниеге ақыр заман төнгендей болады. Ондай кездері техниканың тегеурінімен айдалған жердің шақ бораны көз аштырмай бұрқырайды. Қоңыр күзде, жын-терін көтеріле жоны аударылған сүдігерлердің жұмсақ жүлгесіне сіңген ылғалдың кемі жоқ еді. Қар да қалың түсер ме, күн жылт етісімен еріп ақтарыла жөнелген сары лай егіс даласына ем болады ғой. Бірақ, не пайда, алағай да былағайды салған дауыл екпін жапан түзде қылтыған бұта-бұтаның түбін суырып, сүдігерге сіңген жер сөлің айналасы бірер жетіде қақтап кетті.

Қап, өтпеген-ай... – деп сансоқты ел мен жерге жаны аштындар.

Содан, әзіретінге мағұлым, егіс басына барғандар құйындай үйіріп ұйтқыған есірік желдің

өтіне жон арқаларын бере жүріп іске кіріскен болды. Онымен жұмыстың өнер түрі болмады. Ысқыраған шұқ жел адамға да, малға да шауындан бетер қалада түсті. Шыдамы шырышқ атқан кейбір жанькас жігіттер демлек-ак қойны қатқасып, беті тобарсыған сүдігерге соқа салып көрген. Бірақ еңбектері еш болды. Түйеді алып тракторын ышкынтып сүдігер қыртысын қайта қопарғанда, алқапты түтеген шудалы шаң торлап алсын. Егіс басы ала-түлей. «Құдай атты, жерге әл-әзір соқа салмай шайдай тұрындар, – деген сонда ақ қаптал болған дикандар. – Баяғыда аталарымыз: «Пешінді бұзға асықа, сәуір қораның кеткен жоқ» дейтін осындайда. Бұл айдың кей жылдары ақпаңнан да асып түсетін сайтан мінезі бола берді...»

Механизаторлар дағдарып тоқайрады. Жердің бойра-бой-расын шығартып құрал-сай-мандар солай қаңтарулы қалған. Шаруашылық бейнетқорларының сондағы қобалжығандары-ай... Я, не айтатыны бар, бір заманда қалың қорыс тоғайынан тоқтырым көрінбейтін бұл өлкеде ендігі кінәні табиғаттың мінезін көретін болдык. Ал табиғат неге түсіп суытты... Осы күндері салықалы баяндама жасап рапорт беретіндер мәртебелі минберлерден: «Ауа райының қолайсыздығына қарамастан...» деп соғатын болды. Мемлекетке тапсырғандарың құдды табиғаттың бермесін тартып алғандай асып-тасып, елде жоқ ерік жасағандай леппен лепіріп айтады. Жердің шамадан тыс жалаңаштанып қалғаны айтылмайды, көңіл көлкенсінде қала береді. Не деген сұмдық, мөлшерсіз жұрттың жердің бір шамасы бұл өлкеде судың жетімсиздігінен жылда жара-тусыз қалып жатады. Табиғат шамырқанып жер зобалаңға ұшырағанда ауа райы қайдан қолайлы болсын. «Қайран боз дала, ел басына екталай күн туғанда, тосінде тыпыршыған пенделерді жоқшылықтан талай рет құтқарған жазығың ба? Есің жытып, енесің тіктеген осы жұрт оны да ұмытуға қарады. Ұмытқаны емес пе, қымыз мас белсенділерің: «Табиғаттың бермесін тартып аламыз» деп даурыққан кездері де болған бір заманда. Ақырында не болды? Жер жүзінде қыбырлап жайбырлаған жұрттың бәрі табиғаттың кеңіетіне ұшырай бастағандарын енді аңғарып өкінуде. Кеш, өте кеш.

Қайран дала, сенің байтақ елді нағна тойындарың қасиетінді немен өлшеуге болады? Сен дін аман тұрғанда – біз аман. Сен барда бізге не керек емес, бәрі керек. Дегенде, алды-артына жіп өлшеуге қыры жоқ асыра сілтеу-шілер сенің қаліңіре қайткенде жер екен?...» деп шамырқанды Елгезек.

Елгезек кейінге шегінген ойынан серпіліп:

– Жеріңіздің көлемі неше гектар еді? – деді.

– Әлгіңде жағдайын бүкпей шешіле баяндай бастаған шал енді өзінен өзі ыңғайсызданып кіпактайтын деді. Бір бұл жолы емес, Елгезек бұрындары да байқаған, егіншілік жайында, гектар басы алып жүрген өнімдері жөнінде әңгіме қозғай бастаса болды, осылай кідіріп, кіпактап қалады.

– Сол әлгі... сол өздерің айта беретің... сол әлгі жиырма, жиырма бес гектардың... – деп құдды кекеш адамдай тұтығып тұрып алады. – Алла ақырын бергей... – дейді сосын.

– Ол не дегеніңіз?

– Әй, шырағым-ай, өзімің бір тәжірибем ғой. Әр нәрсенің баянды болғанын тілейміз-дағы... «Міне, сізге озат тәжірибе!» – Елгезек ішінен құді, көңілі қонылтасып тұр. Сонда да:

– Ақсақал, ауылдастарыңыз сізді «Герой шал» дейді. Бұл екінің бірден бұйырмаған құрмет қой, – деп майдалап сөзге тартқан. Әбекен шал.

– Е, өздері солай айтады ғой. Өздері солай айттыңарсың осылай керой шал болып жүргеніңіз ғой. Ата-бабама керой болған ешкім жоқ еді. Соғыста керой қылмай, күріш егуге салғанын керой қылды ғой...

– Осылай абырой-атағыңызбен биыл ұлы октябрь мерекесі қарсаңында құрметті пенсияға шығатын көрінесіз. Тамаша емес пе!

– Қарағым, Құдай қаласа деп айт.

– Я, Құдай қаласа, – Елгезекті еріксіз күлкі қысты.

– Сол торқалы той құрметіне көтеріңкі міндеттеме қабылдаған шығарсыз?

– Қашшан! – деді Герой шал

сілкініп. – Жыл басында дүйім ауылымыз болып сол көтеріңкісің қабылдап құтылғанбыз. Маған да гектар басы жүз сентнерден бересің деген. Мойныма тесіп іліп қойды.

Бұларды қоршап тұрғандар жарыла құлды.

– Ал сіз не дедіңіз?

– Не деуші едім. Өздерің білдіңдер дедім. Басқа не деуім керек...

– Ой, ата, демей-ақ қойыңыз. Пенсияңызға шыққанда сол макул-макул дей бергеніңіз жөн ғой. Дегенмен, сізге тағы бір сауал қойғым келіп тұр.

– Е, несіне іріклесің? Сұрап қал.

– Бұл жолы да гектарына жүзден алатыныңызға сенімдісіз бе?

– Қайдам қарағым, оны бір Алла біледі ғой. Алдымызды кеспейік. Күріштігімізді суға әлі бастырып та бола алмай жатырмыз ғой, – деп дикан бригадиріне қарады. Түрі «мына бала не деп тұр?» дейтіндей.

Бригадир: – Оның несіне дұдалам боласыз? Бұйырса, жоғары өнім аламыз демеісің бе.

– Я, жөн-жөн. Алсам алдым. Ала алмасам, тап мыналар алғызбасыма қояр деймісің, – деп шал сұқ сауағын бригадирге қалай шошайтты. – Мені пенсияма жүз сентнерсіз жіберіп көріп көріңіз пе?..

Тұрғандар тағы да жамырай құлды. Елгезек те күлген болды. Күле түсті де, ойға малтықты. Осы шал сияқты аты шығып жүрген бәзбіреулер болса, гектарына пәлен центнерден келтіремін деп біраз күннің алар еді. Қазіргідей қарбаластың кемшілігін жасырып, оңға басқанын асырып айтып, күллі шаруашылықтың қамқорын соққанын шыға келер еді. Мына героиды ондай жасат жоқ, бұл неде болса ағынан жарылады екен. Осы тұрғаны – тұрған.

Қара жердің құйқасынан ырыс айратын жандармен әңгімелесіп, суретке түсіргенің тілшілер бригадирді ала салып ілгерідегі жерлерді аралап көруге кетті. Әр күні жылға азық мезгілдің ыстық-суығын белден кешкен дала еңбеккерлерінің уақытын алып жолдан қалдырмаған абзал. Олар үрдіс қимылға көндігіп үйренген. Маусымдық жұмыс қашанда қарбалас. Күріш дақылын егу – санаулы күндердің еншісі. Кешіккендер қапы қалады. Бұлар сондықтан да жанталасады. Жан мен тәнді талдырып, буын-буынды босансытатын қараөзек шақта сабылып жер баптау оңай болып па. Дала жұмысында кімді көрсен де еріндері кезерген, бет жүзі қарайып торланған, домбығып ісінген. Мынау аңызға, мынау ұрымтал қарбалас оларға есте жеткіл болмайды. Көктемгі күн құбылғыш. Осы қазір де есірік жел әлсін-әлсін ұйтқып-ұйтқып алады да, кенет тына қалады, артына тағы ұйтқыды май шаңдақты оңды-солды үйіріп. Сол сәтте жер бауырынан құйын көтеріліп жоны аударылған боз дала алай-түлей болады. Анау артта қалған дикан-сушылар сол қою шаңның астында керзі етіпкен борпылдақ боз топырақты кешіп жүр. Елгезектер жұрттың кең жайсын алқаптың шетіндегі жолмен атүсті аралап бара жатқанын өзінде шан көздерін әлсін-әлсін тұта берді.

– Анаң қарандаршы! – деді Байсалбай бригадир тілшілерге, тура маңдай алдарынан таспадай тартылып шыға келген бас арықты мензеп. – Әлгіңде біз осылай келе жатқанда шүпілдеп тұрған. Енді көрдіңдер ме, ортайып-ақ қалыпты. Пай-пай, кезексіз кеуіп қалған құрдымның тойынатын түрі жоқ, а? Суды шыдатар емес.

– Жұтсын, жұтсын. Әуелі жерге сінеді. Күрішке сосын...

– Қайдан бөлейін-ау, – деп күрсінді бригадир, – егісімді қашан бір жайлы болғанша ітке тыным бар да, бізге тыным жоқ. Сөйткен бейнетің соңыра су ташпылығын ұшырап, еңбегіміз еш кетпесе болғаны ғой... Жылда совхоздың кемі жүз гектар жері судан қалады. Дүниеде егіншілікпен айналыса жүріп суға жарымағанның қорлығы жаман екен...

– Облыста тоқсанға тарта шаруашылық бар. Сегіз ауданның жетіуі күріш өсірумен айналысады. Шамаалауымызша күріш егетін жетісін шақты шаруашылықтың әрбірінде кемі жүз гектар жұрттың алқап судан қалғанда, жылда қанша жер бұлнеді? Есептеуім жоқ еді, – деді Елгезек.

– Соны айтамын-ау. Біздің облыста жердің бүлінудің кемі жоқ. Жұрттың жерге су жетпей бұлнеді. Егіс алқаптарына ұлы химикат сеуіп екі бұлнедіміз. Онысыз өзіміз өнім болмайды. Ал сіздер бізден жылда мол өнім күтесіздер, – деді бригадир.

– Мол өнімге үйреткен өздерің емес пе? Сіздер сепдірегенде гектарына жүзден, тіпті одан да асырып өнім алуға болатынын біз қайдан білгендейміз?

– Ол рас, үйреткен өзіміз, алдыңғы буын басшыларың салып берген сара жолы, – деп Байсалбай енді жеңіл сырғыды. – Бірақ сағадағы су ішеді, аяқтағы у ішедің кеніп кеткен біз болдық ақырында. Бұған не дейсіздер?

«Біз не дейік, – деп келеді Елгезек ішінен. Жағдай белгілі. Дарияның суы сол алдыңғы буының заманында біздің жерге емін-еркін екіпінде, арнасынан асып-тасып жететін. Дария тасқыны жылда екі рет: көктемде және қара күзде Арала дейінгі жерді жайпап қарық қылатын. Енді оның заманы өткен. Бір кездегі асау арнаың ұзына бойына бұғау түспеген тұсы жоқ. Енді дарияның әрбір тамшы суы

есептеулі, сол әрбір тамшысы қасқалдақтың қанынан бетер қымбат. Сыр күрішінің өзіндік құны содан да жоғары. Бар нәрі мақта мен күріштің емізігіне айналған алып дарияның бұл күнде бетпақ шөлдің құрсауында жетімсіреп қалған теңізге бір тамшысы да тамбайтынын біреу біледі, біреулер білмейді. Қайран теңіз, қосағынан мезгілсіз айырылып, бар қызығынан жұрдай болған жерісуді тұл қалды. Дарияның аяғы өлі арнаға айналды. Егіске су жетпейтін болғасын дарияның аяғын Аман-өткел ауылының тұсынан буып тастауға тура келді. Қос арнаынан айырылып тұйықталған теңізге дем жетпей тұнғышты жатыр».

– Қанша дегенмен, Елгезек балқышының баласы ғой. Теңіз тағдыры бүйіріне шаншудай қалдып келеді.

– Сағадағылардың несі кетсін, Аманөткел бөгетінде іркілген сасық суға күніміз қарап қалған біз болмаспақ, – деді Байсалбай әлден уақытта үні бұлғып. – Бұл азан пен қорлықты кімге айтарсың...

Жаңа батағын сөз. Елгезек іштен тынды. Осындайда қай-қайдағыны шарлап кететін ойын тежеп, назарын иек астындағы боз даланың бойра-бойрасы шыққан алқабына бұрған болатын. Бүгін алқаптарға уайымсыз жететін судың соңыра қан шілде қайнап бергенде, кержазық плантацияның шыбын-шіркей үймелеген сасық шалшық астында қалатынын іші құрғыры сезіп келеді.

Бұлар көліктеріне міну үшін герой шалдың жеріне қайтып келеді.

– Енді қайтасыңдар ғой шамасы, – деді ол әдеттегісіндей көзін сығырайтып. – Біздің көктемгершіліктегі кескінімізді көрдіңдер. Алла амандыққа жазса, соңыра күзгі кейімімізді де көресіңдер.

– Ол кездегі дән тасытқан ажарыңыз бөлек болады ғой, – деді Елгезек шалдың қолын алып тұрып.

– Айтқаның келсін, қарағым.

– Не де болса нар тәуекел, – деді бригадир де жүруге бет бұрған бұлардың қолын бір-бірлеп алып жатып. – Әйтеуір сөге жамандай көрмендер.

– О не дегеніңіз...

Тілшілердің жүрдек көлігі егін даласынан едәуір ұзап кеткен. Егіс басындағы адамдардың кескінін Елгезектің ойынан да, көз алдынан да көпке дейін кетпей қойды.

## II

Күн төбеден ауған мезгіл. Көк жүзінде қылаудай кіршік жоқ, шырқап кеткен шыңырау төріне дейін шайдай ашық. Аңыраған аспан асты аңызлық тұр. От тасқыны лаулаған күдіретті күннің жалыны қара жерді балқытып жіберердей. Қызық шекені шағын барады. Кеуде қысқан қапырық.

Күріш тақталарының жиек-жиегің ала шұбатылған сыңар аяқ жолмен бір топ адам самбырлап сөйлесіп келеді. Топтың алдында бригадир Байсалбай. Ізінде облыс, аудан орталығынан келген тілшілер. Іін тіресіп ұйысқан пішендік пен күріш плантациясының арасы жаудай маса, құжынаған шыбын-шіркей. Айнала қамашаудың күлсімі қапырығы тынысты тарылта түсті. Егін шетіне ілігіп көліктен түскелі жеңі шолоқ көйлекпен келген жігіттердің бөлектерін аш масалар талап тастады. «Біз тауда ойнап жүр екенбіз ғой, – деді Елгезек ішінен. Аядай тар кабинетіміз қырық күн ішле мен отыз күн тамызда фин моношандай былауға айналды. Ырышты терлеп отырамыз. Жағымпаз желдеткішті қойсақ, танауымыз бырқылап ит әуреге түсеміз. Жүйкең жұрқарғанда жанашырыңнан да сөзін көтере алмай и-ти күйде жүргенің. Өмір өрісіңнің қай жері жұмақ, қай жері тозақ. Мындағы сыңсыған қамыс пен күріштік пе, жоқ әлде біздің қыста суық, жазда қапырық тар кабинетіміз бе? Адам қалай жаратылған, ызғар соқса ызғарға, ыстық ұрса ыстыққа шыдамайды...»

Дегенде, кеңістіктің аты – кеңістік. Маса-сонасы мазаны алғанымен, жүрісің еркін, тар кабинеттегідей тыпыршымайсың. Міне, керілген кең жайсын алқап кілкіген көгілдір сағымның астында күн нұрымен мың түрлі құбылып көзді қытықтайды. Бояуы қанық жасыл тақталар. Құлын-тайдың кекілдеріңдей күлтеленіп қалы кілемдей құлпырады. «Адал да ащы тердің жемісі деген осы да, – деп толқып келеді Елгезек. – Көгеріп көктеген жемісі. Ал менің жасыл шаршыларым қашан, қай уақытта дүркіреп көтерілер екен. Осылай боларға да, болмасқа да тамсанай, күн жұбатып жүре беремектің бе...»

Елгезектің ойын Байсалбайдың самбырлаған дауысы бөліп жіберді.

– Пай-пай, өздерің-ақ айтыңдаршы, мына қапталдарыңыздағы жасыл шаршылар оғадан керемет емес пе?! – деп келеді екен. – Жайылып-ақ жатыр-ау! Енді бір епкер суретшінің қылы қаламы мен өздеріңдей қаламының желі бар журналистерді күтіп жатқандай-ау, а... Пай-пай, біткеніне болайын-ау!

Бригадирдің кеудесінен лапылдап шыққан мынадай таңдаққақты сөзіне Елгезек кәдімгідей сүйсініп қалды. Герой шалдың осы бригадирі бұл көріп жүрген кейбір өндіріс командирлерінен бөлектеу. Олардың бәзбірі кең қолтық, кейбірі аяндау немесе дарақұлау, ал кейбірі бітеу бүйендей тұйықтау болып келетін. Ел ішінде болсын, қалада болсын, көптің легінде кім жоқ дейсін. Ойдан жұрдай саңылаусыздармен

де, жұмысынан басқамен ісі жоқ біртөға замандастарымен де талай табақтас болған. Ал мына айдаланы ақ самалындай аңқылдап келе жатқан бригадир солардың біріне де ұқсамайды. Сөзге келгенде жұқпайды. Саясатқа салсаң да, желдей есіп тұр, жұмыс жайын сұрасан да, жандырып жібереді, қоғамдық мүдде орайынан да суырылып шыға келеді. Қаратау мен Арал арасын журналистік іссапармен мың қайтара аралағанда, осы Байсалбай тақылеттес жандарды әр жер, әр жерден кездестіріп жүр. Қам-қарекеті көп жұмыстың ортасында жүрген кісілер бұрындары көнтерлеу, аңғырттау келетін. Елгезекке салса, даланың төл перзенттерінен парасаттылықты, ойлылықты аңсайды да жүреді. Ойсыздық – ұлт қасіреті ғой... Бүгінгі дала жұрты заман ыңғайына баяу да болса бейімделуде. Ойда да, қырда да адамдар өзгеріп барады.

Бұлар герой шалдың күріштігіне келді. Сушылардың бәрі тұмшаланып кінніген, маса-сонадан қорынып. Бүгілген белдеріне шырыштықталған сала құлаш шүберек белбеулері буынып алып, күріштіктің түбіне үйілген олар табан астынан құлды жоғалтқандарын іздеп жүргендей. Не ерінуді, не жалығуды білмейтін көңбістер. Шаруашылықты қулатпай ұстап тұрғандар – осылар. Бұлар болмаса кісімісіп жүргендердің талайы без теріп кетер еді дегенге сайды Елгезектің ойы. Бұлар күріштей күйі таңдағыш кіді дақылды мәселелуге келгенде асығып аптыққан. Сарыла еңкейгендіктен сыздаған белдерін сәт сайын жазып алады да, жасыл тақталардың әр-әр жерінде қылтып шыққан арам шөптер мен шет-шетіндегі пішен құрақтарын қол орапкен түбінен қырқып жүр.

Ғалымдардың дала бапкерлеріне көмектесулерінің кемі жоқ. Арам шөптерді ұлы дөрімен өлтіруді ойлап тапты. Соның өзінде күрмексіз күріш өспейтіндіктен, адамның өзі араласпай алқаптың ажары кірмейді. Дикандарды ауыр азаптан құтқарғаны болмаса, күріштікті қолдендерден арлытуға адамсыз техника дәрменсіз. Күріштіктің бап-күтімін келістіруге көнігі диканның құтты қолы керек.

– Міне, іздеп келген героидың да жеткілі! – деді бригадир күн астына қарай қолын сілтеп. – Есей-ей, Әкбар, бері кел.

Шал бригадиріне қолын көтерді. Жайшылықта жеңіл қозғалатын жұқалтай қағылз Әкбар көбірткіптеп келеді. Амандық-саулық сұрақтарына:

– Келіп-ақ қалғандарың ба? – деді жымышп. – Біздің кескініміз осы. Танның атуы, күнің батуы қыбыр-жыбыр... – Герой шал тер жаппан маңдайын алақанының қырымен сыпырғанда, ащы тамшылар күріштік алқабына шүш-шүп тамды.

Міне, ғажап! Сергек ой Елгез

## ТАҒЫМ

## Қаламы семсер сатирик

**Қарымды қаламгер Өтеген Жаппархановпен ұзақ жыл сыйлас болдым. Ұмытпасам 1979 жылы болуы керек, ол кезде мен Терөзек аудандық «Еңбек туы» газетінде қызметтемін, ал Өтеген аға облыстық «Ленин жолы» (қазіргі «Сыр бойы») газетінде мәдениет және әдебиет бөлімінің меңгерушісі.**



Алғашқы таныстықта: – Ойың өткір, қаламың ұшқыр болсын. Мақтау деген жетеді, реті келсе қоғамның қисайған тұсын түзетуге үлес қосу керек. Өйткені, қаламгер – ел-халықтың тұрмыс-тіршілігінің жоқтаушысы, – деді. Өтеген ағаның өмірлерінің парақтағанда, оның бала жасынан қағаз шимайлағанын байқайсың. 1938 жылдың мамыр айында Сырдария ауданына қарасты «Кооператор» колхозында (қазіргі Қызылорда қаласы, «Коммунизм» бөлімшесі) қарапайым колхозшы отбасында өмір есігін ашады. Осы ауылдағы №43 жетіжылдық мектепте оқып жүргенде қатарластары ойына ойысса, Өтеген жоғарыда айтқандай, қағаз шимайлауды кәсіп еткен. Бірде: – Бала кезден жыр тыңдауды ұнататынмын. Әлі есімде, бар-жоғы 4-сынып оқушысымын. Ауылымызға белгілі жырау Рахмет Мәзқожаев ат басын бұрған. Ой, дүние-ай десейші! Күн-түн демей төкті жырды. Жатаған үйдің іргесінде етпеттей жатып, сол жырларды жүрегіме жазып алғанмын. Жарықтық Рахмет шынымен де дарабоз жырау еді. Бүгінде жеке қорымда жиырма бес жыраудың 60 сағатқа жуық орындалатын ағарты «Шахнама» дастаны, «Сыр сүлейін сұрасаң» атты музыкалық антология, тағы да басқа Сыр сүлейілерінің жыр-термелері сақтаулы. Алла жазса, ұрпақтарға қалдыру ойымда бар, – дегенді.

Өтегеннің жазбалары оқушы кезінде-ақ сол кездегі аудандық «Коммунизм таңы» газетіне шыға бастайды. Қаламға деген құштарлықтан болар, жата-жастана жазып жүрген оны газет редакторы Сыдық Алдабергенов шақыртты. Қуанышы қойнына сыймай келген оған Сыдық ағасы:

– Балам, оқушы болсаң да дайын қаламгер екенсің, бізге жұмысқа келесің бе? – дейді.

Неге келіспеске?! Сенер-сенбесін білмеген бала басын іздей беріпті.

Сонымен тоғызыншы сыныпта кешкі мектепке ауысқан Өтеген алдымен тілші, бергін келе бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы қызметтерін атқарады. Журналист мамандығын алуды мұрат тұтқан ол 1959 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне оқуға қабылданып, 1963 жылы журналист мамандығын иеленіп, туған топырағына оралады. Қаламгерлік еңбек жолын Қызылорда облыстық телерадио комитетінде тілші, содан соң аға редактор, бас редактор болумен жалғастырады.

Сыр сүлейілерінің жыр-термелерін бала кезден көкейіне құйып жүрген Өтегеннің осы саладағы сіңірген еңбегі

өлшеусіз. Нақтылай айтсақ, радионың «Алтын қорын» Сыр сүлейілерінің мақам-сазынын мол мұрағатымен толықтырды. Көшенейдің күміс үнін алғаш рет облыстық радио арқылы көпшілікке таныстырған Өтеген аға екенін біреу білсе, біреу білмес. Радио саласында он алты жыл қызмет істегенде, Сыр шайырларының мұрасын зерттеп-зерделеді. Өмірден өткенше сүлейілердің телегей теңіз мұрасын түгендеуге атсалысты.

Көнекөздердің айтуынша, Ұлбике – қазақтан шыққан тұңғыш айтыскер қыз. Он екі жасқа дейін тілі шықпаған ол бірден өлемен сөйлеп кеткен екен деген дерек те бар. Ұлбикенің Күдерікожамен айтысы «Түркі тайпалары халық әдебиетінің үлгілері» деген кітапқа еніп, ұрпаққа мұра етіп қалдырылған. Бар-жоғы 24 жыл ғана өмір сүрген Ұлбике туралы Өтеген ағаның жазбаларынан көл-көсір дерек алуға болады.

Өтеген ағаның қаламгерлігі туралы айтсақ, ол қаламы семсер сатирик еді. Облыстық газетте жарияланған фельетондары мен сын макалалары асқанға тосқан болды, көпнен санасқысы келмегендерді сабасына түсірді. Содан болар 1983 жылы шілде айында республиканың бас газеті «Социалистік Қазақстанға» (бүгінгі «Егемен Қазақстан») қызметке шақырылып, осы газеттің Жезқазған облысындағы меншікті тілшісі болып тағайындалады. Бергін келе Жезқазған облысы тарап, Өтеген бас басылымның Қызылорда облысындағы меншікті тілшісі қызметіне ауысады.

Біз бірлерде Өтегеннің қоғамдық маңызы бар, ауқымды да өткір мәселелер көтерген толғақты мақалалары бірінен соң бірі шығып жататын. Көркем очерктерімен талай жақсының жақсылығын айта, кемшін тұстарды сын садағына ілді. «Айтылған сөз – атылған оқ» демекші, сынның да сұрауы бар. Менің білетінім, базбіреулер онмын айтыс-тартысқа да барған. Ақ жолмен адаспай жүрген Өтеген ағаның ұжыржақсы түскен емес. «Тура биле туған жоқ» дегендей, ақиқат пен жалғандық таразы ба-

сына тартыла қалғанда шындық жағында жүрді. «Менмін» деген мансапқорлар мен алаған қолды алаяқтарды тәубесіне түсірді. Айтар ойымыз орнықты болуы үшін бірер нақты дерекке жүгінелік.

Бас басылымның Жезқазған облысындағы меншікті тілшісі болып жүргенде құрылысы 20 жылдан бері бітпей тұрған металл құю зауыты туралы сын мақала жазады. Облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Николай Давыдовты сын садағына іледі. Ол кезде коммунистік партияның дүркіреп тұрған шағы ғой. Ұзын сөздің қысқасы сол, орталық партия комитетінің нұсқауымен Н.Давыдов тәубесіне түседі.

Өздеріңізге мәлім, 1962 жылы Қызылорда облыстық партия комитетінің бірінші хатшы қызметін атқарып жүрген Сәлімгерей Тоқтамұсов жайлы «Правда» газетінде «Битая карта» деген сын материал жарияланады. Жоғарыдан тексеру жүргізіліп, ақыр аяғы С.Тоқтамұсовты тағынан тайдырылып, Жамбыл облысының бір кеңсарын басқаруға жіберіледі.

Осы мақаланы мейлінше зерттеп, ой елегінен өткізген Өтеген жалғандыққа жол берілгенін анықтап, «Егемен Қазақстан» газетіне аға есімін ақтап көлемді мақала жазады. Мұндай ерлікке басқа емес, тек Өтеген аға баратын еді.

Ол журналист қана емес, жазушы да болатын. Әсіресе, сатиралық жанрдағы көркемөзге қаймақ салушы еді. Тілшілік қызметтің тынымсыз тіршілігінде жүрсе де, «Сол қалта», «Бір қора өсеке», «Мінздер» атты 3 сатиралық кітап пен «Жезқазған жұлдыздары» атты очерктер жинағын шығарған. Айтқандай, осы «Жезқазған жұлдыздары» кітабы үшін 1986 жылы Қазақстан Журналистер одағының сыйлығын иеленіп, лауреат атанды.

Зейнет демалысына шықса да, қолынан қаламын тастамайды. Қоғамдағы құбылысқа бейжай қарамайтын, ел назарына ұсынатын. Ізінен ерген әріптес інілеріне ақыл кеңес беруден де жалыққан емес.

Өтеген аға атағы жоқ жазушы, сөз саптауы бөлек публицист, сын саласының сардары еді. Өзін мақтау мен марапаттаудан бойын аулақ ұстайтын. Баспасөз саласындағы өлшеусіз еңбегі де ескеруісіз қалған жоқ. Жоғарыда айтқандай, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығы лауреаты, Қазақстанның құрметті журналисі, Мәдениет қайраткері.

Мемлекет және қоғам қайраткері Сейілбек Шаухаманов: «Өтеген әділдік жолында өкесін де тыңдамаған болар, өйткені ол ақ жолмен адаспай жүріп келе жатқан азамат» деген баға берген-ді. Мұнан артық баға беру әсте мүмкін емес.

Өтегенді өлді деуге болмайды, өйткені артында өлмейтұғын сөз, өшпейтұғын із қалдырды. О дүниеге аттанған адамға ештеңенің қажеті жоқ, сұрамайды да. Дүниеден өткеніне 40 күн толған ақылшы ағаны еске алу, есімін ардақтау – бізге парыз.

**Еркін ӘБІЛОВ,**  
жазушы-журналист.

**МФО «ЭВЕРЕСТ ФИНАНС»**

**ШАҒЫН НЕСИЕ**

- ✓ зейнеткерлер мен (78 жасқа дейін) жұмыс істейтіндерге
- ✓ 5 000 теңгеден 400 000 теңгеге дейін
- ✓ кепілдіксіз
- ✓ екі аптадан алты жылға дейін
- ✓ 15 минутта!
- ✓ жоғары несиелік ауыртпалығы және нашар несиелік тарихы бар қарыз алушыларға!

**ЭВЕРЕСТ**  
Финанс

ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРГЕ ЖЕҒІЛДІКТЕР!

Қызылорда қ., "Принт" баспаханна ғимараты, Байтұрсынұов к-сі, 49, 2 қабат, 3 кеңсе (№3 гимназияға қарама-қарсы)  
тел. 8(7242) 92 52 25, 8708 363 59 45

ҚР Ұлттық Банкінен ЖҚ201V00000355 лицензиясы берілген

## Аталар жолы алға бастайды

Бүгінгі қоғамда ұрпақтар сабақтастығын дамыта отырып, отбасы құндылығын арттыру – кезек күттірмейтін жауапты міндет. Осы орайда Шиеді ауданына қарасты Тартоғай ауылында, Ш.Есенов атындағы №153 мектеп-лицейінде "Аталар жолы" атты ауыл ақсақалдарымен кездесу өтті.

Ғазиза ӘБІЛДА



Оқушы бойына ұлттық дәстүрді, бабадан қалған асыл сөзді ұғындыру, сондай-ақ, ауыл тарихын насихаттау мақсатында ұйымдастырылған шараны мектеп директоры Қ.Әмзеев ашып, ұрпақтар сабақтастығын қалыптастыруда аталар жолын үлгі тұту, олардың ел үшін атқарған еңбектеріне құрметпен қарау бүгінгі ұрпақтың борышы екенін атап өтті.

Кездесуде Мейрамбек Омаров, Сәрсенбай Тәжібаев, Абдухит Әбдіраманов, Серік Садуақасов, Хабибулла Кәденов, Басаман Пірімбетов, Есен Досжанов сынды ауыл ақсақалдары өмір жолдарының құрметпен қарау бүгінгі ұрпақтың борышы екенін атап өтті. Кездесуде Мейрамбек Омаров, Сәрсенбай Тәжібаев, Абдухит Әбдіраманов, Серік Садуақасов, Хабибулла Кәденов, Басаман Пірімбетов, Есен Досжанов сынды ауыл ақсақалдары өмір жолдарының құрметпен қарау бүгінгі ұрпақтың борышы екенін атап өтті.

дәстүрлі "Ауылым – алтын бесігім" тақырыбындағы бөлімде ауылға қатысты жер, су аттарының шығу себептері жайлы сұрақтарға жауап беріп, ауыл тарихының қалыптасуына қатысты деректер бойынша ой бөлісті.

Мектептің 3 сынып оқушылары дайындаған "Ата өсеті" көрінісі қарттардың көңілінен шықты. Б.Құрманбек, Г.Нурлан, Н.Жарықасынов, М.Әубәкір, Ж.Малайдарова сияқты жеткіншектердің өнеріне тәнті болды. Ата кетейік, аталған шараны мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Ерімбет, мектеп-лицей тәлімгері А.Сарбасова, психолог А.Моуленова, Г.Шарбекова, М.Асанова, М.Оразалиев сынды ұстаздар ұйымдастырды.

"Жауымымен жер көгерер, батамен ер көгерер" дегендей, жын сондында ауыл ақсақалдары балаларға батасын беріп, алғысын айтты.

## МӘМС: жиі қойылатын 10 сұраққа жауап

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының басшысы МӘМС бойынша жиі қойылатын 10 сұраққа жауап берді. 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап 1406 байланыс орталығының жұмысы 24/7/365 тәртібіне көшті. Қордың басқарма төрағасы Айбатыр Жұмағұлов МӘМС бойынша жиі қойылатын 10 сұраққа жауап берді.

## 1. Мен сақтандырылғанымды қалай және қайдан біле аламын?

– Мұндай ақпаратты электрондық үкімет порталынан (<https://egov.kz/>), ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің (<http://dsm.gov.kz/>) және қордың сайтынан (<https://fms.kz/>), Telegram-бот (<https://t.me/SaqtandyruBot>) және WhatsApp-тағы чат-бот (+7 700 103 1406) арқылы алуға болады.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, ағымдағы жылдың 1 сәуіріне дейін барлық азаматтар МӘМС жүйесінде сақтандырылған болып, медициналық қызметтерді толық көлемде ала алатындығын еске салғым келеді. Азаматтардың қажетті медициналық қызметтерді алуына ешқандай кедергі болмауы керек. Бірақ осы жеңілдік кезеңінде олар сақтандырылып, МӘМС жүйесінің қатысушысы болуы керек.

Еске сала кетейін, 2020 жылдың 1 сәуірінен бастап сақтандырылмаған пациенттерге медициналық көмек көрсетіле берді, бірақ тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі аясында ғана, қалған қызметтер ақылы түрде болады. Сондықтан, 31 наурызға дейін сақтандырылған мәртебесін алу маңызды.

## 2. Менің жеке кәсімім бар. МӘМС бойынша жарнаны

## қалай және қашан төлеуім керек?

– Егер жеке кәсіпкер болсаңыз, МӘМС жарнасын келесі айдың 25-нен кешіктірмей төлеуіңіз қажет. Егер патентпен жұмыс істесеңіз, төлем патент құнын төлеу кезінде жасалуы керек.

Жеке кәсіпкерлер үшін жарна мөлшері 1,4 ең төменгі жалақының 5% құрайды. 2020 жылы ол 2975 теңгеге тең. Айтпақшы, егер сізде шатта қызметкерлер болса, онда жұмыс беруші ретінде оларға жалақы қорынан 2% мөлшерінде аударым жасауыңыз керек, сондай-ақ, әр қызметкердің жалақысының 1%-ын жарна ретінде шегеріңіз.

## 3. Мен үйде отырып жұмыс істеймін, ресми түрде емес. МӘМС жүйесіне жарна төлеуім керек пе және неге? Олай болса, қалай, қашан және қанша?

– Бұл жағдайда дара кәсіпкер ретінде тіркеусіз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар санатына жатасыз, сонымен қатар, сіздің жалданушы қызметкерлеріңіз болмайды. МӘМС жүйесіне жарна төлеуіңізге болады. Бірақ бұл жағдайда сақтандырылмайсыз, демек, тек тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі аясында ғана көмек ала аласыз (жедел, шұғыл жәрдем). МӘМС пакетіне кіретін қызметтерді (мамандардың қабылдауы, зерттеу қызметтері,

диагностика, операциялар) алу үшін, өзіндік сақтандырып, ай сайын біртұтас жиынтық төлем (БЖТ) төлеуіңіз керек. Сонымен бірге БЖТ салық агенттері қатарына жатпайды.

Бұл тағы қандай мүмкіндіктер береді? МӘМС жарналарынан басқа, БЖТ міндетті зейнетақы жарналары да қамтиды, яғни, БЖТ төлей отырып, сіз өзіндік базалық зейнетақы төлеміңізді қамтамасыз етесіз (жұмыс тәжірибесіне байланысты). Қаншалықты ұзақ төлеген болсаңыз, болашақта соғұрлым көп зейнетақы аласыз, өйткені еңбек өтілі ескеріледі.

Сондай-ақ, сіз әлеуметтік жарна төлегендіктен (олар да БЖТ құрамына кіреді), егер еңбекке қабілеттіліңізді жоғалтсаңыз, асыраушыңыздан айрылсаңыз, жүктілік пен босану кезінде, бала асырап алу немесе бала күтімі кезінде әлеуметтік жәрдемақы алуға құқығыңыз бар.

## 4. БЖТ деген не және ол қалай есептеледі?

– БЖТ, жоғарыда айтқанындай, бұл – біртұтас жиынтық төлем. Ол айлық есептік көрсеткіш (АЕК) мөлшерінен есептеледі. Қала тұрғындары үшін бұл 1 АЕК (2020 жылы 2651 теңге), ауыл тұрғындары үшін 0,5 АЕК (2020 жылы 1326 теңге).

Сонымен қатар БЖТ құрамына:

- жеке табыс салығы;
- зейнетақы жарнасы;
- МӘМС салымдары
- әлеуметтік аударымдар кіреді.

Сонымен қатар, БЖТ-дағы МӘМС жарналарының үлесі қала тұрғындары үшін бар-жоғы 1060 теңгені, ауыл тұрғындары үшін 530 теңгені құрайды.

## 5. Егер мен жұмыс берушім МӘМС бойынша жарна енгізетін жұмыскер санатына кірмесем, онда мен өзім үшін жарнаны қалай төлеймін?

– Бұл жағдайда МӘМС жүйесіне тәуелсіз төлеуші ретінде саналасыз (жеке кәсіпкерлер, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, ресми тіркелмеген жұмыссыздар сияқты). Екінші деңгейлі банктердің қасалары, Қазпошта, Халық банк терминаторлары, "Касса 24" өзіне-өзі қызмет көрсету терминалдары және Kaspi.kz мобильдік қосымшасы арқылы МӘМС үшін төлем төлей отырып, өзіндік сақтандыра аласыз. Жарналардың мөлшері сіздің мәртебеніңізге байланысты болады. Жоғарыда мен әртүрлі санаттағы төлеушілерге арналған үлгілер туралы айттым.

## 6. Мен жеке клиникада тексеруден өткім келеді, бірақ менің емханам ол жерге жолдама беруден бас тартты. Не істеуім керек?

– Мұндай жағдай болмауы керек. Учаскелік дәрігер сізді өз таңдауыңыз бойынша қормен келісім-шарт жасаған кез келген медициналық ұйымға жіберуі тиіс. Жеткізушілердің тізімін қордың сайтынан табуға болады (<https://fms.kz/ru/content/postavshchiki-fonda>).

## 7. МРТ қызметін алуым керек, бірақ маған жолдама бермейді. Неліктен?

– Мұндай жағдай болмауы керек. Учаскелік дәрігер сізді өз таңдауыңыз бойынша қормен келісім-шарт жасаған кез келген медициналық ұйымға жіберуі тиіс. Жеткізушілердің тізімін қордың сайтынан табуға болады (<https://fms.kz/ru/content/postavshchiki-fonda>).

Сіздердің назарларыңызды Қордың негізгі міндеттерінің бірі пациенттердің құқығын қорғау екендігіне аударғым келеді. Сондықтан, біз көрсетілген қызметтердің сапасын үнемі қадағалап отырамыз және туындаған мәселелерді тез шешуге тырысамыз.

## 8. Маған МӘМС бойынша тіс дәрігерінде тегін емделуге бола ма?

– МӘМС жүйесі аясында ақысыз стоматологиялық қызметтерді 18 жасқа дейінгі балалар, жүкті әйелдер, екінші дүниежүзілік соғыстың қатысушылары, мүгедектер, зейнеткерлер, көпбалалы аналар («Алтын алқа», «Күміс алқа») алқаларымен марапатталғандар, атаулы әлеуметтік көмек алушылар, әлеуметтік маңызы бар аурулары бар немесе басқаларға қауіп төндіретін аурулары бар пациенттер ала алады.

## 9. Оқу үшін 086-у (083-у) анықтамасын ұсыну қажет. Осыны МӘМС бойынша ақысыз жасауға бола ма?

– 086 және 083 анықтамалары МӘМС пакетіне кірмейді. Бұл мемлекеттік қызметті медициналық ұйымдар ақылы түрде ұсынады. Осы анықтамалар оқуға түсетін немесе жұмысқа кіретін пациенттің кәсіби жарамдылығы туралы дәрігердің тұжырымын алу мақсатымен мерзімді медициналық тексеруден өту үшін берілетін түсіндірмә келеді. Бұл профилактикалық санатқа жатпайды. Бірақ пациент жылына бір рет ақысыз негізде профилактикалық тексеруден өтуге құқылы.

## 10. Пациент қайтыс болған жағдайда оның жинақталған ақшасы туыстарына беріле ме?

– Жоқ, жарналарды аудару қарастырылмаған, өйткені әлеуметтік медициналық сақтандыру жинақтаушы жүйе емес. Медициналық көмек жарналардың мөлшері мен сомасына қарамастан көрсетіледі, яғни, халықтың барлық санаттарының медициналық қызметтерге қолжетімділігі бірдей. Бұл жүйенің тең қолжетімділік және ынтымақтастық принципі осында жатыр. Сондықтан, біз әр түрлі кірісі бар адамдарға бірдей, бейтарап қызмет көрсететін осындай модельді таңдадық.

Тағы айтарым, егер медициналық ұйымыңызда тіс дәрігері болмаса (егер дәрігер нұсқауы көрсетілген жағдайлар келеді. Сондықтан, біз көрсетілген қызметтердің сапасын үнемі қадағалап отырамыз және туындаған мәселелерді тез шешуге тырысамыз.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ облыс бойынша филиалын халықты ақпараттандыру және өтіншітерді қарау жөніндегі бөлімі.

ҮЛГІ БОЛҒАН ІСІМЕН

## Мәселе прокурорықпалымен шешілді

Бүгінгі күні әйелдердің қоғамдағы орны орасан. Олардың қатарына аналарды ғана емес, қоғам үшін пайдалы іс атқарып жүрген қыз-келіншектерді де қосуға болады.

Прокуратура саласында көпжылдық еңбегі бар Сая Темірбекқызы Қармақы ауданында дүниеге келген. Мектепті үздік бітіріп, 1998 жылы Алматы қаласындағы әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің заң факультетінде құқықтану мамандығы бойынша білім алды. 2000 жылдан бері құқық қорғау органдарында еңбек етіп келе жатыр. Қызметтің сан қилы баспалдағынан өткен Сая Темірбекқызы – жиырма жылдық тәжірибесі бар білікті маман. Осы аралықта Қармақы аудандық, Қызылорда қалалық және облыстық про-



кураторларында әртүрлі қызмет атқарды. Бүгінде ол – облыс прокурорының аға көмекшісі. Отбасында аяулы жар, сүйікті ана. Жан жары

Дайрабек Серікбайұлымен бірге бір ұл, төрт қыз тәрбиелеп отыр. Былтыр қараша айында Тасбөгет кенті әкімдігінде прокурор Сая Темірбекқызы, қоғамдық кеңес мүшелері, қалалық жол құрылысы, көлік саласы және жолаушы тасымалы паркі қызметкерлерінің қатысуымен қоғамдық қабылдау өтті. Кент тұрғындары көкейдегі сұрақтарына жауап алды. Соның бірі – кенттің күншығыс бетіндегі тұрғындарды алаңдатқан қоғамдық көліктің жоқтығы. Мәселені шешуде Сая Темірбекқызы тиісті орындардың өкілдерімен сөйлесіп, көлік қозғалысына ықпал етті. Қазіргі кезде автобус кестеге сәйкес жүріп тұр. Тұрғындар дән риза.

Қ.ДОСТЫБАЕВ. Қызылорда қаласы.

Лицензия №15019408 02.11.2015ж.  
Жамбыл облысының ДСБ берілді

**«Оптимед» көз хирургия орталығы» ЖШС**  
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ-тың  
Жамбыл облысы бойынша филиалымен № С-06-0120-00094-О  
«31» желтоқсан 2019 жылға кепілдікті көлемдегі тегін медициналық қызмет көрсетуге төмендегі медициналық көмек түрі бойынша  
**келісімшарт жасасқандығын хабарлайды:**

## катарактаны

(көзді шел басу) фактоэмульсификация әдісімен ИОЛ алмастыру  
(ота жасау тегін)  
**Мекен-жайы: Тараз қ., Абай даңғылы, 277**

+ 7 700 540 54 53

(қонырау шалу және хаттар 9.00-ден 18.00-ге дейін)

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: **70-00-52** телефоны арқылы байланысуға болады.  
**E-mail: smjarnama@mail.ru**

## Хирург

Әлімжан Төлегенов облыстық көпбейінді балалар ауруханасы №2 хирургия бөлімшесінің меңгерушісі, жоғары дәрежелі балалар хирургі.

Айнұр БАТТАЛОВА.

Былтыр облыс әкімдігі мен денсаулық сақтау басқармасының қолдауымен Оңтүстік Кореяның Сеул қаласындағы «Северанс» клиникасында білімін жетілдірді. Одан кейін Жапонияның Нагасаки қаласындағы «Нагасаки ұлттық медицина орталығы» клиникасында балалар уро-

логиясы бойынша білімін көтерді.

– Ізденудің, білім жетілдірудің нәтижесінде бүгінде балаларда кездесетін жедел хирургиялық патологиясына шұғыл ем түрлері, атап айтқанда, лапароскопиялық аппендэктомиа, адгезиолизис, герниопластика, со-



нымен бірге перитониттер кезінде лапароскопиялық ота әдісі енгізілді. Балалар

урологиясы бойынша да туа біткен гидронефроз, уретерогидронефроз, гипоспадияға реконструктивті-пластикалық оталар тәжірибеге енді. Бұрын бұл оталар республикалық орталықтарда ғана жасалатын, қазір облысымызда қолға алынды. Бұл ұжымның жұмылған жұдырықтай бірлесіп атқарған жұмысының және тұрғындардың дәрігерлерге деген сенімінің нәтижесі деп білемін, – дейді Әлімжан.

Әлімжан Шағанбекұлы Жапониядан арнайылап бірнеше Туохи инелерін алып келген.

Иненің ерекшелігі – ота барысында шап жарығының себепшісі қынап өсіндісінің бір мезетте екі қатарлы түйін салып, байлау мүмкіндігінде. Бұл шап жарығының қайталануының алдын алады. Профессор Токинаганың айтуынша, бұл әдіс бойынша жасалған оталарда аурудың қайталануы кездеспейді екен.

18 ақпан күні ауруханаға «Сол жақты шап жарығы» диагнозымен бір жарым жастағы науқас түскен. Дәрігерлер ота жасауға шешім қабылдады. Бір мезгілде үш ота жасалып,

кейін бала тез басын көтеріп, ертесіне өзге балалармен ойнап кетті. Мінекей, осылайша мамандарымыз жапондық ота жасау тәсілдерін Сыр өңірінде тәжірибеге енгізуде.

Әлімжан 2013 жылы облыс әкімінің «Сыр үміті» стипендиясына ие болса, Денсаулық сақтау министрлігі, облыс әкімдігі және денсаулық сақтау басқармасы тарапынан құрмет грамоталарымен марапатталған. Жас болса да, көпшілік алғысына бөленіп жүрген маманның алар асуы әлі алда екеніне сенім мол.

# Табиғатқа тағылық жүрмейді немесе жыртқыштың жөні қалай болар екен?

Шибөрі көп. Кеш батса шулайды. Шулағаны жылағаны. Аш қой. Оны естіген ауыл иттері қоса абалайды. Айтпақшы, тілшілік сапармен жүргенде жергілікті жұрттан еститініміз ит-құстың көбейіп кетуі. Әсіресе, шибөрінің түнімен «шырқата» ән салатынын жиі айтады. Тіпті ауыл сыртына жақын келіп, күндіз жайылмадағы уақ малды тартып кетуге шыққан. Қасқыр қасқырлығын істен кеткенімен, топтасқан шибөрілердің бұлай шалқып өмір сүруіне не себеп, қандай ғәп бар?!

Ержан ҚОЖАСОВ.

Ауыл дейміз-ау. Кешкілік өзіміз тұратын қаланың сол жағалауынан бұлардың «сыңсуы» кей-кейде естіп қаламыз. Пошымсы қасқырға ұқсағанымен, одан тұрқы кішірек жыртқыштың бар қорегі – тышқан, кесіртке, қоянның көжегі, жылан, бақа сияқты ұсақ жаратылыстар. Тіпті, қауын, қарбызды да жарып жеуге құмар. Одан қалса, олексені азық етеді. Жылына 8 күшікке дейін табатын бұлар өзен бойында, қамысты жерде, елді мекенге жақын тіршілікке бейім. Дерексөзді ашсаңыз, осылай сөйлейді. Өрі қарай оқыңыз.

20059. Сырда шулап жүрген шибөрінің саны ғой бұл. Ал Тәңіриден өзге мойынсыбайтын түздің тағысы – қасқырдың жер басып, жортып жүргені 1237 екен. Облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының берген мәліметін қаз-қалпында қағазға осылай түсірілді. Айтпақшы аймақтағы 40-қа жуық аңшылық шаруашылықтың бүгінде 32-сі жұмыс істеп тұрғанына ұқсайды. Әлігі біз көрсеткен цифр сондағы санақ жүргізетін арнайы мамандар есебімен жасалған. Шибөрі мал, құс шаруашылығына зиян келтіргенде ауланбаса, былайғыда әдейілеп қастандық жасап отырған ешкім жоқ сияқты. Жылдан-жылға санының артуына себеп те осы.

Аймақ Жанақорғаннан ауланса, шибөрі санын шектеуде әзірге Жалағаш көш бастап тұр. Бұл – облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының мәліметі. Аудандарды айтып қалдық. Онда шибөрімен қасқырға қарсы қандай шаралар қолданып жатыр?! Санамаппа айтсақ, биыл Сырдария аудандық орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесі 2,9 млн теңгеге бюджеттік өтімнің әзірлеп, облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына жолдаған. Онда жыртқыш аңдардың санын реттеу мақсатында 15 қасқыр мен 150 шибөріге қарсы шараларды жүзеге асыру жоспарланыпты. Әзірге тұрғындар тарапынан өзінше іс-әрекетке барып, жыртқыштар ауланбаған.

Жалағашта 2018 жылдан кейін мұндай жоспарлы жұмыс болмаған. Сол жылы облыстық бюджеттен 2 млн 264 мың теңге қаржы бөлінген. 12 қасқыр, 134 шибөрі атылыпты. Аралдық тиісті орындардың мәліметінше былтыр аудан аумағында қасқыр мен шибөрілердің кездесуі, малдарға шабу жағдайлары орын алмаған. Сондай-ақ, аудан тұрғындары тарапынан өтініш түспеген. Соған сәйкес, тиісті мекеме тарапынан қасқыр мен шибөріні ату шаралары жүргізілмеген көрінеді. Биыл Аралда жыртқыштар санын қысқарту үшін белгіленген лимитке сәйкес 15 қасқыр мен 150 шибөріні атуға облыстық бюджеттен қаржы қарауға өтініш жасалмақ.



Қазалыда да осындай сандық көрсеткіш, мұнда биыл 150 шибөрі мен 15 қасқыр «жазаға тартылады». Қармақшыда дәл осы цифр. «Қармақшы орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ облыстық табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасына осы мақсатта 2 млн 721 мың теңгеге бюджеттік өтімін тапсырған.

Жыртқыштардың санын шектеуде Шиеліде тұрғындар тарапынан Ақмая, Жанатұрмыс ауылдық округі әкімдігінен рұқсат сұраушылар бар. Сондай-ақ, ауыл, аудан әкімінің кезекті есебінде Ортақшыл ауылында осы мәселе туралы да айтылған. Биыл қасқыр, әсіресе, шибөрі аулауға Шиелі ауданы бойынша ұсыныстар көптеп түсеуде. Әзірге тапсырыс берілген.

Былтыр Жанақорған аудандық орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесі арқылы қасқыр атуға лимит берілмеген. Дегенмен елді мекендердегі жеделден азаматтар қасқыр аулаумен айналыса. 2020 жылы аудандық Халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы 8 бас қасқырға лимит беріліп отыр. Одан бөлек қасқыр аулауға лимиттер мен төленетін қаржысы әзірге нақтылануда.

– Республика бойынша Эко-

логия, геология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің 13 қантардағы мемлекеттік экологиялық сараптамасының қорытындысына сәйкес 4824 қасқыр, 11733 шибөрі атуға лимит бекітілген болатын. Облыс көлемінде олардың санын реттеу үшін биыл 432 қасқыр мен 9125 шибөріні атуға комитеттен келісім берілді, – дейді облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы жануарлар дүниесі бөлімінің басшысы Айдос Аяғанов.

Байқасаңыз, 11 мыңға жуық шибөрінің 9 мыңнан астамын біздің облыстан жою көзделген. Демек, кеш бапып, қою қараңғылық түсісімен жортылға шығатын жыртқыштың саны Сыр бойында тым көп болып тұр екен-ау.

Біз айттып отырған бөлінген лимит негізінде аймақтық инспекция тарапынан 345 жеке және заңды тұлғаларға 432 қасқыр толығымен және 820 басқа жуық шибөрі аңдарын аулауға рұқсат қағазы беріліп те қойыпты. Енді қараңыз. Қасқыр атуға келгенде қызылордалық мергендердің ынтасы күшті де, шибөрінің сазайын тарттыруға селсоқ. Өзіңіз қараңызшы, атуға тиісті 432 қасқырға түгел рұқсат алғанымен, әзірге 9125 шибөрінің

он процентіне жетер-жетпесін (825 бас) аулауға ғана ұсыныс түскен. Әрине, жыл бойы бұл көрсеткіш ұлғаяды деген үміт те жоқ емес.

Ал енді заңсыз аулағандардың жазасы қалай болмақ? Егер сіз қасқырды, шибөрі, тағы да басқа аң түрлерін заңсыз ауласаңыз, ҚР ӨҚБТК-нің 382-бабының 1-бөлігіне сәйкес 5 АЕК немесе 13255 теңге айыппұл салынады.

– Заңсыз ауланған аң түріне қарай мемлекетке келтірілген шығын есептеледі. Мысалы, бір қоян ауланса, мемлекетке келтірілетін шығын көлемі 5 АЕК-ті құрайды және заңсыз аңшылық үшін 1,5 есе коэффициентке көбейтіледі. 1 бас қоян үшін 1988,5 теңге көлемінде мемлекетке келтірілген шығын сол құқық бұзушыдан өндіріледі. Сондай-ақ, қарақұйрық аңын заңсыз аулаған жағдайда, бекітілген шығын мөлшері 400 АЕК, заңсыз аңшылық үшін 1,5 есе коэффициент және ҚР Қызыл кітабына енгізілген аң түрі болғандықтан тағы да 3 есе коэффициентке көбейтіліп, 1800 АЕК-ті немесе 4 771 800 теңгені құрайтынын ұмытпауымыз керек. Ал енді қасқыр, шибөрі саны реттелетін аң түріне жататындықтан мемлекетке келтірілген шығын есептелмейді, яғни, әкімшілік айыппұл ғана салынады, – дейді облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының бас маманы Олжабек Холов.

Мемлекетке келтіретін шығын есептелмейді?! Дәл осы ойдың жетегімен жыл бойы мылтық асынып, қасқыр мен шибөріні індете қуа беру жарамайды. Рұқсат қағазыңызда көрсетілген аңның есебіне қарап, соны ғана көздейсіз. Мысалы, жыл бойы 6 қасқыр не 10 шибөрі атуға тиіс болсаңыз, мұны бір күнде жайратуға болмайды. Кәсіптік аңшылықты қоспағанда, құстар мен терісі бағалы аңдардың әр түріне тәуліктік аулау мөлшері бір аңшыға бес данаға дейін шектеу қойылғанын ұмытпаған жөн.

Қосымша айтар жайт, рұқсатсыз ауланған аңның шығын мөлшері 100 АЕК-тен асатын болса, қылмыстық жауапкершілік қаралатын болады. Мұнда ҚР ҚК-нің 337- және 339-баптарымен жаза тағайындалады.

Айтпақшы, инспекция мамандары орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің 2016 жылдың 24 қарашасындағы №265 бұйрығына сәйкес 16 ақпаннан 14-ші маусымға дейін көктемгі аңшылыққа тыйым салынғанын, бұйрықтың әлі де қатаң күшінде екенін ескертіп отыр.

Ауылдағы ағайынның мына пікірін де ескерген жөн сияқты. Мақала басында айтылғандай, шулаған шибөрінің соңғы кезде тым көбейіп кетуінің бір тетігі – ауыл иттерінің аздығы не тұқымының тозып баратыны. Тұрғындар осылай дейді. Бүгінде жақсы итті табу қиын, қазакы төбет жоқтың қасы, кіл шатыс, аралас тұқымды. Оның үстіне қанғыбас иттерді жою кезінде ауылдағы байлаусыз көп иттің тағдыры тез шешілгенге ұқсайды. Елде тұратын қай қазақ есік алдындағы итін байлап ұстапты?! Иесіз иттердің қатарына бұлар да кіріп, «ату жазасына» іліккен. Әйтпесе ауыл шетіне кеп ойнақ салатын шибөрінің өзі тұрмақ, көлкенесі де көрінер ме?! Шибөрі шіркінді таубесіне келтіретін төбеттердің аздығы бізді ойлан-дыруы тиіс.

Сөз соңы. Қандай жағдайда да қасқыр және шибөрі аулау үшін арнайы құжат алу қажет. Онсыз болмайды. «Мал ашуы – жан ашуы» дегенді сылтау етіп, мылтық асынбаңыз. Әсіресе, тыйым салынған көктемгі аң аулау маусымында мұны ойлағаныңыз жөн. Масайраған ит-құстың маңыраған малға зәбірі тимей тұрмайтыны бағзыдан келе жатқан жағдай ғой. Ит-құстың зардабы ие бермей, мазасыздансаңыз, жоғарыда айтып өткендей, барлық аудан, қала әкімдіктеріне жолығып, мемлекет берген рұқсатты ретімен пайдаланған дұрыс.

<p>www.facebook.com/syrboyi.kz/</p> <p><b>Меншік иесі</b> <b>СЫР МЕДИЯ</b> жауапкершілігі шектеулі серіктестігі</p> <p><b>БАС ДИРЕКТОР</b> <b>Аманжол ОҢҒАРБАЕВ</b> қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)</p> <p><b>БАС РЕДАКТОР</b> <b>Қуат ШАРАБИДИНОВ</b> қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)</p>	<p>https://twitter.com/syrboyi</p> <p>Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053) Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)</p> <p><b>Бөлімдер:</b> руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040) экономика – 40-11-10 (1038, 1033) әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034) жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058) есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38 компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)</p>	<p>www.instagram.com/syrboyikz</p> <p>Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицикатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жарияландыр газеттің түйкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.</p> <p>Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.</p> <p>Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.</p> <p>Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.</p>
<p>Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А".   e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz   Таралымы 28786   Тапсырыс №271   Кезекші редактор Айнұр БАТТАЛОВА.</p>		